

Мектептегі мерекелер

№5 (179)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Боранқұлова. Талаптыға нұр жауар	3
А. Абжалиева. Қазақ халқының салт-дәстүрлері...6	
Б. Рақымсеит. Жаңғыра бер, әз-Наурыз!	13
С. Умутпаева, Г. Сопыбекова. Ұлы Жеңіс жасасын!	15
Г. Алдабергенова. Білім көзі кітапта.....	17
А. Сқақова. Кітап. Ел. Рух.....	19
Ж. Нурахметова. Қош бол, қасиетті Әліппе!	21
А. Какимова. Шаңырағым – шаттығым.....	23
Ә. Әбілқадырова. Жеке бас гигиенасы.....	25
Г. Болесова. Жол жүру ережесін бәрі білу қажет	28
Г. Абилбакиева, А. Кушкар, А. Жасыбаева, А. Алтынбек, А. Шайхыслам. Орта топ балаларының шығармашылық белсенділігін дамыту жолдары.....	31
А. Кшимова. Махамбет – егемен елдің өшпес рухы	35
Ж. Шумекеева. 1 маусым – балаларды қорғау күніне арналған ойын-сауық.....	39
А. Таған. Шәкәрім шыңы.....	43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
15.05. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Талантыға нұр жауар

«Бұлақ көрсен көзін аш», - дейді халық даналығы. Талантты балаларды қолдау — қашан да игілікті іс.

Жамбыл облысы Меркі аудандық білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайында өнер мен білімді, ғылымды қатар алып жүрген талантты дарын иелері жеткілікті.

Солардың бірі — Меркібек Мейірім. Мейірімнің арманы асқақ, мақсаты айқын қыз. Білім бәйгелерінде оза шауып, биік тұғырдан көрініп жүрген талантты өрен.

Мейірім — өнер мен білімді қатар ұштастырып, білім көкжиегіне еркін самғауды мақсат еткен дарынды, талантты шәкірт.

Және оны дәлелдеп те келе жатыр.

Мейірім — өте жан-жақты, тиянақты, зейінді, ұқыпты, озат оқушылардың бірі. Мейірім — қазақ, орыс тілдерінде ойын еркін жеткізе алатын, көркем мінезге бай оқушы.

Демек, болашағы жарқын бола-рына сенуге болады.

Оқушылар «Үміт» сарайының қосымша білім беретін педагогтары өскелең ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімін ояту, барлық әрекеттерге құрметпен қарауға, тәрбиелеп, шығармашылықтарын шыңдау мақсатында жұмыстар жүргізеді. Мейірімнің бойында көркем әдебиетке деген құштарлығын байқау-

ға болады. Кітап оқуды ғаламторға айырбастаған жоқ.

Бұған Мейірімнің әжесі, тәжірибелі педагог, аудандық білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайының директоры, немересін сан алуан өнерге, сегіз қырлы, бір сырлы етіп тәрбиелеп жүрген, аудандық мәслихат депутаты, «Алатау» бастауыш партия ұйымының төрайымы, талай жас педагогтардың ақылшысы Зәуре Төребекқызы Бейсенбаеваның да үлесі зор. Ол — Оқушылар «Үміт» сарайының білім алушыларын талай мәрте Халықаралық, Республикалық, облыстық байқауларға қатыстырып, Бас Жүлде алуларына барлық жағдайды жасап отырған білікті басшы.

Мейірім барып жүрген Оқушылар «Үміт» сарайының атағы қазіргі таңда шетелдерге де танымал десек, артық айтқандық емес.

Себебі, Зауре Төребекқызы Бейсенбаева өзі бастап, сонау Түркия елінің Анталия, Стамбул қалаларында болып, өз бүлдіршіндерімен талай додалы байқауларға қатысып қайтты.

«Үміт» сарайының қосымша білім беру педагогтары Мейірімді сан алуан өнерге баулу үстінде.

Атап айтқанда, «Інжу — Маржан» үйірмесінде Мейірімге бисер, тоқыма тоқуды үйретеді.

Дәстүрлі ән және вокал үйірмесінің жетекшілері де ән айтудың қыр-сырына үңілдіріп, үлкен сахналарда ән салдырып жүр. Аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып та үлгерді.

«Аяла» театр үйірмесінде Мейірім монолог жаттап, әр түрлі шығармаларды сахналаған қойылымдарда рөлдерде ойнап жүр.

Мейірімнің өте қызығып қатысатын үйірмелерінің бірі — сурет салу.

«Әсем» көркемсурет студиясының басқа жас суретшілері сияқты сурет салуды да жақсы меңгеріп алды. Түрлі бояулармен қиялындағы суреттерді сала береді. Жетекшісі Дина Айтжановна да шәкіртінің алғырлығын айтып, мақтап отырады. «Жібек Жолы» би үйірмесінің де мың бұралған бишісі.

Астанада, Алматыда, Шымкентте, Таразда өткен байқауларға қатысып, бас жүлдені қанжығалап қайтты. Жетекшісі хореограф Гаухар Абдрахманованың еңбегі зор.

Кітапхана — оқырман қауымға арналған үлкен тәрбие мектебі. Мейірім сансыз сұрақтардың жауабын осы жерден тауып жүр. Мейірім үшін кітапхана — сиқырлы да киелі орда. Көп уақытын аудандық балалар кітапханасында өткізіп, түрлі кештерге қатысып, викториналық сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтар ұтып алып жүр. Ертеңгі болашағы бар, өркениет әлеміне бастайтын жолы бар, талантты балдырғанды кітапхана ұжымы да құшақ жая қар-

сы алады. Былтырғы жылы «Ең үздік кітап оқушы» номинациясын да Мейірім жеңіп алды.

Мейірімнің әкесі — Меркібеков Ербол, күрестен жаттықтырушы.

Анасы — Темірбекова Альбина, №3 ЖОББМ директоры, талай үлкен іс-шаралардың жүргізушісі, талантты жан. Мықты педагог, әнші ретінде танылған.

Облыстық «Үздік қосымша білім беру педагогы» байқауының Бас жүлде иегері.

Осындай талантты, үлгілі отбасында тәлім-тәрбие алып жатқан Мейірім, әжесі және әке-шешесімен бірге облыстық «Парасатты Отбасы — 2021» байқауына қатысып, байқау талаптарының бәрін үздік орындап, «Парасатты отбасы» атағын жеңіп алды.

Отбасында тәрбие, өзгешелік, өнерді құрметтеу, мәдениеттілік, жақсы, үлгілі сөз сөйлеу, бірін-бірі сыйлау орын алған.

Мейірімнің бесіктен көріп келе жатқан өнегесі осы.

Кішкентай Мейірімнің ұлттық киімдегі суреті Алматы - Ташкент күре жолының бойында «Ұлттық салт-дәстүріміз ұлтымыздың құнды мұрасы» деген тақырыптағы билбордта ілініп тұр.

Мейірім «Ұлттың ұлы мұрасы» атты Республикалық байқауда Алтын Жүлдені жеңіп алды.

Аудан орталығындағы ең мақтаулы мектепте, озат мұғалім Гулнур Әлімсейітованың сыныбында білім алған Мейірім жыл сайын сынып-

тан сыныпқа мақтау грамоталарымен көшіп жүр.

«Талаптыға нұр жауар», - деп халық тегін айтпаса керек. 2021 жылы «Тараз 24» телеарнасында «Аяз атаға хат» атты байқау жарияланған кезде Мейірім хат жазып қатысып, телехабарға түсті. Бәйгені жеңіп алып, сыйлыққа ие болғаны да бар.

Кез келген ауыл баласы меңгере алмайтын коньки тебу — Мейірім үшін түк емес екен.

Медеу мұз айдынында ұршықша дөңгелене тебе алады.

Сонымен қатар, Мейірім қандай даталы мерекелік шаралар болсын ортасынан табылады.

Мейірім ән салады, би билейді, сурет салады, спортпен айналысады, театрландырылған қойылымдарда ойнайды. Мәнерлеп оқуды ұнатады. Жаттау қабылеті жоғары. Жанына жақын пәні — қазақ тілі және қазақ әдебиеті. Жүрегіне жақын, болашақта таңдайтын мамандығы да келешек ұрпақтың сәулетшісі, ұстаздық.

Мүмкін әжесі Зәуренің, анасы Альбинаның берген өнегесінен, тәрбиесінен шығар.

Жуырда Мейірімнің достары Астана қаласында өткен «Азия жұлдыздары» Республикалық байқауында, қазақ балаларының бәрін тәрбиелеген туынды Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасынан ішкі монологтар арқылы басқа құрбылары сияқты өздері ойнаған рөлді өзіндік тәсілмен орындап шықты. Жетекшісі Әлия

Әлімқұлова дән риза.

Тараз қаласына барған сайын, Шаһар шырайын кіргізетін нысандарға қызыға қарап, ғылыми зерттеу жұмыстарымен де айналысқысы келетінін білдіреді.

Әр бала өзінің жарқын болашағына талпынса, көздеген мақсатына міндетті түрде жетеді.

Зор ықылас, ерекше шабыт биікке жеткізетін қанат тәрізді. Сондай-ақ, Мейірім аудандық Құрманбек Жандарбеков атындағы музыкалық мектептің фортепиано сыныбында оқиды.

Мейірім өлеңді жанына серік етіп, «поэзияның ауылына» да ат байлаған жас дарын.

Мейірімнің қазірдің өзінде бағындырған белесі аз емес. Мүмкін, 4 жасынан бастап әжесі Зәуре Төребекқызымен Астана қаласының сахналарында талай рет додалы би байқауларында мың бұрала билегенінен болар, өнерді жаны сүйеді.

Республикалық «Менің сүйікті ұстазым» эссе байқауы, «Ақберен» өнер байқауында, талай рет «Жібек Жолы» би тобымен Халықаралық, Республикалық байқауларында, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» байқауында, «Парасатты отбасы» байқауында тек қана Бас Жүлде иегері! Қанатың талмасын, Мейірім!

Әсем БОРАНҚҰЛОВА,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Сабақтың мақсаты: оқушыларды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдарын бойларына сіңіру;

Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ата дәстүріміздің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып отыруға үйрету;

Сабақтың түрі: дамыта оқыту элементтері араласқан сабақ.

Сабақтың типі: жана тақырып.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: шығармашылық ойын «Кім жылдам?»

Көрнекіліктер: кроссворд сызылған плакаттар, маркерлар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет; тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі;

II. Жаңа сабақ:

1. Сабақ алдындағы көңіл-күйді белгілеу.

2. Сәлемдесу. Оқушылар топ болып бір-бірлерімен амандасады.

3. Қазақтың салт-дәстүрі жөнінде сұрақ-жауаптар:

а) Дәстүр дегеніміз не?

ә) Дәстүр адамдарды неге тәрбиелейді?

б) «Кімнің жерін жайласаң, соның жырын жырлайсың» деген мақалды қалай түсінесің?

«Дәстүр» арабтың «дустур» деген сөзінен шыққан «орныққан, тұрақты» деген мағынаны білдіреді. Дәстүр — әлеуметтік және мәдени құндылықтардың ұзақ уақыт қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы сұрыпталып келуін білдіретін және мәдениет тануда кеңінен қолданылатын ұғым — термин.

Дәстүр ұғымына жаңаша көзқараспен қарасақ ол үш нәрсемен сипатталады. Біріншіден, дәстүр дегеніміз — жалпыхалықтық. Олай деуге себеп — оның өзі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, халықтың әлеуметтік, психологиялық, мәдени толып жатқан басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты. Екіншіден, дәстүрдің тағы бір сипаты — тұрақтылығында. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді. Үшіншіден, дәстүр ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы адамдыққа, иманжүзділікке, мәдениеттілікке, дүниетанымды кеңейтуге тәрбиелейді.

Егер өз ұлтыңды сүйсең мынадай бес шартты білуін тиіс:

1. Өз ұлтының тілін жақсы білу;
2. Өз ұлтының дінін терең меңгеру;
3. Өз ұлтының дәстүрін толық бойына сіңіре білу;
4. Өз ұлтының тарихын бес саусақтай білу;

5. Өз ұлтының мекендеген жерінің ой-шұңқырын жақсы білу.

Осы бес шартты білу әрбір адам баласының парызы.

Әдет-ғұрып негіздеріне ырымдар, тыйымдар, талап ету мен әдеттер, әдеп, рәсім, дәстүр, салт жатады. Әрбір негіздің өз тәсілдері мен үрдістері бар.

Ырым — жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалатын әрекет

Қазақтың **тыйым** рәсімдері өте көп. Олар жас ұрпақты аруақты сыйлауға, табиғатты қорғауға, әдепті болуға, қарапайымдылық пен инабаттылыққа баулиды.

Қазақта жасөспірімді тәрбиелеу үшін **талап ету**, **талап қою** рәсімдері өмірлік, тұрмыстық ереже болып қалыптасқан.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері үш үлкен топқа бөлінеді:

1. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер;
2. Тұрмыс-салт дәстүрлері;
3. Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер.

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға есім қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, т.б.) бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы — жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді.

Ал **тұрмыс-салт** дәстүрлеріне қа-

зақтың киіз үйі, киіз үйдің жиһаздары, ұлттық киімдер мен тағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, бағбаншылыққа қатысты кәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді.

Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл адамдарының туыстық қарым-қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық музыка аспаптары, қазақтың ұлттық ойындары, үйлену — үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, қонақ күту, халықтық-ұлттық мерекелерді өткізу, өлікті жөнелту рәсімдері, әдет-ғұрыптары жатады.

Енді осы үш түріне жеке-жеке тоқталайық.

(Әр топ оқушыларына мәтіндер таратылады. Оқуға 10 минут уақыт беріледі. Уақыт өткеннен кейін әр топтан бір-бір оқушыдан шығып оқыған мәтіндері жөнінде ауызша түрде айтып береді. Қалған оқушылар оларды тыңдап, түсінгендері бойынша дәптерлеріне жазады).

II. Негізгі бөлім.

I топ.

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім — тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға есім қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, т.б.) бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы — жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді.

Дүниеге жаңа келген жас нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-той,

салтанатты жиындар мен рәсімдер көп. Соның ең алғашқысы — **жарыс қазан**. Жарыс қазан деп айтатыны — мұндайда аяу, ірку, мөлшерлеу деген болмайды. Қазан әр үйде бірнеше жерде асылады. Келіншек аман-есен босанса, босанған әйелдің қалжасынан ауылдың үлкен-кіші, еркек әйелі түгелдей дәм татып, ет жеп, сорпа ішеді. Жас босанған әйелге де жас сорпа баптап беріп қалжалайды. Нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналатын салт-дәстүрдің бірі — шілдехана. Жарыс қазанның арты іле-шала, не сол түнде, не ертеңіндегі кеште шілдеханаға жалғасады.

Сүйінші. Жас нәрестенің, әсіресе, ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Жас нәресте дүниеге келсе, қуанышты хабарды жеткізіп сүйінші сұрайды. Сүйіншіге хабаршы не сұраса соны берген. Ол біріншіден арнайы ат терлетіп қуанышты хабар әкелушінің еңбегін бағалау болса, екіншіден жақындықтың белгісі болып саналады. Тіпті үстіндегі киімін, сауыт-сайманын, астындағы атын да сүйінші сұраушыға сыйға тартқан мырзалар өмірде кездеседі. Бұндай салт-дәстүр көбінесе бала көрмей жүріп, ұл бала туғанда соның құрметіне жасалған.

Қазақтың көрнекті ақын қызы Ф. Оңғарсынова өзінің «Бабам қазақ» атты өлеңінде осы дәстүрді:

*Бабам қазақ қаншама бала сүйген,
Мұрагерім болса деп мақсат қылып.
Ұл дауысы шыққанда қараша үйден
Атан сойып той қылған, ат шаптырып.*

*Сүйіншіге ұл туса бермегі көп,
Әзер болса астында аты қалған.*

*Қыз туғанда «қырсықтың келгені»
деп,*

*Қырын қарап еркегі жатып алған... -
деп суреттейді.*

Балаға есім қою. Жалпы адам есімі тілге жеңіл, жүрекке жылы, мағыналы, әрі мәнді, әрі сәнді болуы қажет. Себебі есім адаммен бірге жасайтын тарихи заңды құбылыс. Оған қалай болса солай жауапсыз қарауға болмайды. Негізі балаға есімді кітап көтеретін діндәр адам қояды. Мысалы, ерте заманда балаларға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген сияқты келеңсіз, оғаш есім қоятын болған. Адамға есім қою себептері алуан түрлі тілек-мақсаттарға орайлас болып келеді. Айталық:

1. Бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен: Байбол, Дәулет, Алтынбек, Малдыбай;

2. Күшті де батыл, қырағы да сақ, ержүрек болсын деп: Арыстан, Батырбек, Алпамыс, Қобыланды, Әлібек;

3. Сұлу да көрікті, ажарлы да, әдемі болса екен деп: Айсұлу, Нұрсұлу, Әсем, Аққыз, Ботакөз, Раушан;

4. Денсаулығы зор, өмір жасы ұзақ болса екен деп: Ұзақбай, Өмірзақ, Мыңжасар;

5. Мырза, жомарт болса екен деп: Жомарт, Мырзабек, Қайыржан;

6. Ақылды да тапқыр болса екен деп: Ақылбек, Данабек, Еспол, Асыл;

7. Әдет-ғұрып, салт-сана, күн, жыл аттарына байланысты: Наурызбай, Жұмабай, Бейсенбай, Аманжол, Жол-

шыбай т.б. есімдерді қойған.

Бесік. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады. Екі басын қайың ағаштан да шауып жасауға болады. Астына тақтай салып, дәрет жүретін жерді тесіп ойып қояды. Оған киізден түбек жасап кигізеді. Баланың бесікте кіші дәретке отыруына қолайлы етіп қойдың асық жілігінен тесіп шүмек жасайды. Ұл баланың бесігіне пышақ, қайрақ, камшы, ал қыз баланың бесігіне қайшы, түйме, оймақ, тарақ, айна салады.

Тұсау кесу. Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 метр ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ.

Сүндет той. Сүндетке отырғызу VII-VIII ғасырларда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Сүндетке отырғызу мұсылмандықтың белгісі болып саналған. Баланы неғұрлым сүндетке ерте отырғызса, соғұрлым ауырсынбай, тез жазылып кетеді.

Бала 6-7 жасқа толғанда әкесі не шешесі, атасы не әжесі қолынан жетектеп мектепке алып келеді де, артынан той жасайды. Бұл той — **тілашар тойы** деп аталады.

II топ.

Тұрмыс салт-дәстүрлері.

Қазақтың баспанасы — киіз үй.

Мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын баспанасы киіз үй болған. Ол тез жығып, түйеге артып жүре беруге, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықтап жасалған.

Киіз үйдің көшіп-қонуға ыңғайлылығымен бірге жазда ауасы таза, салқын болады. Киіз үйдің негізгі қаңқа-

сын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «үй ағашты» 6 ай немесе 1 жыл бұрын дайындайды.

Кереге киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын желі, ал керегелік желінің ең ұзынын — ерісі, қысқалауын — балашық, ең қысқасын сағанақ деп атайды. Бір керегеде 14 ерісі, 9 балашық, 9 сағанақ болады.

Уық — кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан (сыр талынан) жасалады.

Шаңырақ — киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез.

Сықырлауық — кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік.

Таңғыш — екі керегенің сағанағын кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр.

Шалма — уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр.

Бақан — киіз үйді тіккен кезде шаңырақты көтеріп тұруға арналған ұзын сырық.

Кебеже — көшіп-қонып жүргенде сүр ет, құрт-май сақтайтын ағаш тақтайшасынан жасалынып, бетін ою-өрнектермен әшекейлеген, сандықша ыдыс. Үйде кебеженің үстіне абдыра қойылып, оның үстіне көрпе-төсектер жиналып қойылады.

Абдыра — киім-кешек салатын, арнайы сәнді жасалынған, беті ою-өрнектермен әшекейленген, үлкен қақпақты қорап ыдыс.

Келі — дәнді дақылдарды түюге арналған құрал. Қазақ жерінде 2 түрлі келі болған. Біріншісі, **тақта келі**, екіншісі — **шұңғыл келі**. Шұңғыл келі

дәнді қаралау, ақтауға пайдаланылса, тақта келі дәнді жармалап ұнтақтауға қолданылады.

Қимай — соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын кәделі тағам.

Бұлқыншак — жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Бұл ыдыс ыстық күндерде айран, шалап ішуге қолайлы.

Талқан — қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден ұнтақтап дайындалатын тамақ.

Малма — айранның сары суына кекбек, ұн қосып, ашытып, тері илейтін сұйық зат.

Қымыз — биенің сүтінен дайындалатын денсаулыққа шипалы әрі жұғымды сусын.

Тарамыс — теріден, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп таспа.

Тулақ — тайдың терісін шикідей кепіріп, кептірген көн, төсеніш.

Сүндет — ұл бала тойы.

Айырқалпақ — ерлердің киізден тігілген жеңіл бас киімі.

Күрте — жеңсіз жеңіл киім.

III топ.

Әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлер

Әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлер қоғамдық сана, қоғамдық болмыспен тығыз байланысты, бір-біріне зор әсерін тигізеді. Әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлер халықтың тарихи дамуының барысында қалыптасатын жеке адамдардың өзара қарым-қатынасын, қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрып, санаға сіңген тәртіп, этика, қалыптасқан рухани мәдениет.

Қоғамдық қарым-қатынастың бір бөлшегі — **туыстық қарым-қатынас**.

Қазақ халқында туыстық қарым-қатынас жеті атаға, яғни жеті ұрпаққа созылады.

Қазақ халқы **шешендік сөзді** жоғары бағалаған. «Өнер алды — қызыл тіл» деп ұққан ата-бабамыз «от ауыз, орақ тілді» нелер ділмәр шешендердің өсиет сөздерін, табан ауызында тақпақтап айтқан ақыл-нақылға толы ақындардың толғау, термелерін әлденеше ғасырлар бойы жадында сақтап, оны ойын-тойда қайталап айтып, ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы еткен. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударып, «ақылдың көзі — аталы сөз» деп ұққан ата-бабамыз сөйлей білуді үлкен өнер деп санаған. Осы пікірді «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Шешеннің сөзі мерген, шебердің ісі мерген», «Сөз сүйектен өтеді», «жақсы сөз — жарым ырыс», «жақсы сөз жан семіртеді», «Тіл қылыштан өткір» т.б. мақал-мәтелдерден байқауға болады.

Жігін тауып сөйлей білудің логикалық ойды жүйелеп айтып жеткізе білудің өзі шеберлікті шешендікті, ойлылықты ақыл парасатты қажет етеді. Ал ол үшін үздіксіз жаттығу, ынта-жігер, талаптылық керек. «**Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез**» - деп текке айтылмаған.

Қазақтың музыкалық аспаптары халық арасына ертеден кең тараған. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалы аспаптары үрмелі (саз, қос, қамыс және мүйіз сырнайлар, сыбызғы, адырна, ұран, керней), ішекті (жетіген, шертер, екі

және үш шекті домбыралар, қобыз), шалып ойнайтын (шаңқобыз), соқпалы (даңғыра, дауылпаз, шындауыл, дабыл, асатаяқ) болып бірнеше топқа бөлінеді.

Қоғамның бір бөлшегі — отбасы. Үйлену, өз алдына отау тігіп, түтін түтету ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи салт, құбылыс. Үйлену және үй болуға байланысты қазақтың бірнеше салт-дәстүрлері бар. Олар құда түсу, жаушы жіберу, құдаларды қарсы алу, есік-төр көрсету, жасау жіберу, сынсу, келін түсіру, беташар, т.б.

Жаушы жіберу. Жаушы – қыз айт-тыруға баратын өкіл. Ол жөн-жосық білгіш, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға жүйрік адам болуы керек. Оның міндеті – бойжеткенге құда түсіп, құдалыққа келер күнді белгілеп қайту.

Есік, төр көрсету. «Сыйға — сый, сыраға — бал» демекші, ендігі кезекте жігіт жағы құдаларын «есік-төр көріп қайтындар» деп, қарсы тойға шақырады. Оның мақсаты — қыздың әкешесі, ағайын-туыстарымен жігіт жағының туыстарын таныстыру. Олар да әнші-күйші, сөзшен жігіттерін ерттеп, 15-20 адам болып келеді. Әдетте қыз берген жақтан құдалыққа 2-3 адам артық келеді. Құдаларға ырымдар (арқан керу, көрімдік, бас тартар, төс салар, құйрық-бауыр асату, т.б.) мен кәделер (құда, құдағиларға, құдашаларға жағалы киімдерді сыйға тарту) жасалады.

Жасау. Жасау – жігіт жағынан келген қалың-

мал мөлшерімен қарайлас, ұзатылатын қызға берілетін мал-мүлік. Барлық қыздардың жасауы бірдей бола бермейді. Ол қыздың жұртының байлығына байланысты.

III. Қорытынды.

Шығармашылық ойын «Кім жылдам?»

Сабақты қорытындылап білімдерін тексеру үшін әр топқа өтілген тақырып бойынша кроссворд беріледі. Оқушылар топ болып кроссвордтың жауаптарын шешулері керек.

І топка

[illegible]

1. Кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік;
2. Соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын кәделі тағам;
3. Жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Бұл ыдыс ыстық күндерде айран, шалап құйып ішуге қолайлы;
4. Қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден ұнтақтатып дайындалатын тамақ.

II топқа

				Д						
				Ә						
				С						
				Т						
				У						
				Р						

1. Халқымыздың қастерлі тойларының бірі (нәресте тойы)

2. Негізі есімді нәрестеге қандай адам қояды?


3. Теріден, көңнен, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп таспа.

4. Тайдың терісін шикідей керіп, кептірген көн, төсеніш

5. Ұл бала тойы.

6. Киіз үйдің негізгі қаңқасы.

III топқа



1. Уықтарды ығып кетпеуі үшін шамалап байлайтын құр.

2. Айранның сары суына кебек, ұн қосып, ашытып, тері илейтін сұйық зат.

3. Екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр.

4. Ерлердің киізден тігілген жеңіл бас киімі.

5. Жеңсіз жеңіл киім.

6. Киіз үйді тіккен кезде шаңырақты көтеріп тұруға арналған ұзын сырық.

7. Биенің сүтінен дайындалатын

денсаулыққа шипалы әрі жұғымды суы.

Дәстүр, салт қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп отырады. Сондықтан бұған осы тұрғыдан қараған дұрыс. Әркім керектісін, көңіліне ұнағанын, көкейіне қонғанын қабылдап, іс-жүзінде қолданса, оны ұлтымыздың озық салт-дәстүрлерімен байланыстырып, байытып мазмұндандыра түссе, нұр үстіне нұр.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы біліп, оны іс жүзінде орындай білу — әрбір адамның борышы. Ол мәдениеттіліктің белгісі.

- Балалар, сонымен біз бүгін қазақ халқының салт-дәстүрлері жөнінде біраз мағлұмат алдық. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ата дәстүрінің желісін үзбей халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытасындар деген ойдамын.

Рефлексия.

Үй тапсырмасы. Қазақ халқының баспанасы — киіз үй туралы мәлімет жинау.

Анар АБЖАЛИЕВА,
№200 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі.
Наурызбай ауданы,
Алматы қаласы.

Жаңғыра бер, әз-Наурыз!



**Бахыт
Рақымсеитқызы
РАҚЫМСЕИТ,
«Orken Education»
мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**

Ұлыстың Ұлы күні әз-Наурыздың халқымызбен қайта қауышқанына, елімізде кеңінен тойлана бастағанына міне, биыл отыз жыл толып отыр екен. Әр күні ғасырға бергісіз осы отыз жылда ортамыз толды, ойдағымыз болды. Шын мәнінде жаңару мен жаңғырудың құтты бастауына айналған Наурызбен бірге еліміздің жасампаздығы артты.

Осы мерекені «Orken Education» мектебінің директоры Жанар Әбеуқызы құттықтау сөзімен ашты. Көпшілік ұлағатты ұстаздар мен тәлімгерлеріміздің алдына шыққан мектебіміздің басшысы барша «Orken Education» мектебінің ұжымын осынау ұлық күн — Наурыз мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

- Құрметті «Orken Education» мектебінің ұстаздары мен оқушылары, қымбатты бірлігі жарасқан ұжым! Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы құтты болсын. Өмірін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыспен ынтымақтың арқауы деп бағалаған. Наурызды «Orken Education» мектебінің ұжымы жылдағы дәстүр бойынша сән-салтанатымен, думанды тойымен



ән-жырымен екінші жыл қарсы алып отырмыз. Халқымыз «Көктемнің бір күні — жылға азық» деген. Наурыз мерекесі елімізде өмір сүріп, еңбек етіп жатқан жұрттың ынтымағын нығайта берсін. Осынау шуақты күні баршаңызға мықты денсаулық, молшылық тілеймін. Қоян жылында еліміз тыныш болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын, - деп атап өтті.

Осыдан соң Наурыз мерекесінің сал-

танатты ашылу рәсімі әр сынып өз сыныбында бастады. Барлық сыныптар өз сыныбында мерекелік дастархан жайып, әр түрлі көріністер мен ән, би концерттік қойылымдар ұйымдастырды. Ал салтанатты шараға ұлттық киімдер киген мектеп оқушылары, зор даярлықпен келгендері көрініп тұр. Сондай-ақ айшықты мерекеде 2-сынып оқушылары Жарапазан айтып сынып-сыныпты аралады. Бұл күні ән де әуеледі, күй де күмбірледі. Жергілікті өнерпаздарды мектепшілік комиссия мүшелері аралап, әр түрлі орынмен марапаттады. Келген комиссия мүшелеріне 2-сынып «Қыз жасауы» атты көрмесін паш етті. Көрмені Жұмабек Алихан әр затқа мән



беріп, барлығын толықтай түсіндіріп өтті.

Осыдан кейін тәрбие сағатын өткізіп, балаларға наурыздың барлық қыр-сырын егжей-тегжей, толығырақ түсіндірдік. Баршамызға белгілі, Наурыз «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Наурыз айында күн мен түн теңеліп, табиғат түрленіп, жасарып, жайнайды. Наурыздың келуімен ел елжірей қуанып, дастарқан жайып, бірін-бірі құшақтап, құттықтайды. Ұлыстың ұлы күні жаңа күн болғандықтан, көп жаңалық, мол қуаныш, игілік осы күннен басталуы тиіс. Наурыз тойында ән шырқалып, күй тартылады, жыр айтылады. Сөйтіп, жұрттың көңілін көтереді. Ұлыстың ұлы күні әрбір адам, бұрынғы реніш, өкпе-наразылығы болса, бәрін кешіп, бірін-бірі мейман етеді. Сый-сияпат жасалады. Қазақ халқының бірлігін насихаттайтын мерекеде осы дәстүрден халқымыз жаңылған жоқ. Сонында балалардың түсінгенін саралап, қорытындылап «Армысың, өз Наурыз» атты интерактивті ойын ойнаттық.

Ойын балаларға қатты ұнады, аса қызығушылықпен, бар ынталарымен қатысты.

Бұл күн — жаңарудың бастауы. Наурыз — елдегі ұлттар мен ұлыстарды бір арнаға тоғыстырып, халықтардың бірлігі мен ынтымағын нығайтатын мереке екенін балалар толығымен түсінді. Наурыз мейрамы туралы толық мәлімет алып, әдет-ғұрыптарымен толықтай танысты. Осылайша, «Orken Education» мектебіндегі Наурыз мерекесі барша қауымға қуанышты көңіл мен рухани ләззат сыйлап, барлық оқушылар асқақ көңілмен тарқасты.

Ұлы Жеңіс жасасын!

Марш ойналады. Балалар залға кіреді.

Магнитофоннан:

Тындаңыздар, тындаңыздар! Кеше біздің ұлан-байтақ жерімізге неміс-фашист жаулары тұтқиылдан басып кірді. Герман елшісі соғыс бастағанын сағат 7-де ресми түрде жариялады.



Көрініс. Әже ұршық иіріп отырады. Немересі жүгіріп келіп:

- Әже, әже соғыс басталыпты.

Әжесі: Не дейді, ойбай! Кеше ғана әскерге шығарып салған баламның жағдайы не болды! Енді қайттім?

Немересі: Әже, әже, пошташы келе жатыр. Ағамнан хат әкелген шығар.

Пошташы: Әже, сүйінші, балаңыздан хат келді.

Әже: Айналайын, қалағаныңды ал. (Хатты кеудесіне басып жылайды)

Әже: Қызым, хатты маған оқып берші.

Пошташы хатты оқиды.

Майданнан сәлем. Амансындар ма, апа, барлық туған-туыстарым, аулым?

Қалдарыңыз қалай? Туған елімізге опасыздықпен шабуыл жасаған жауларды жою әрбір азаматтың парызы деп түсінемін. Сондықтан, апа, мен сіздің сеніміңізді ақтаймын. Апа, барлық туысқандарға сәлем айтыңыз.

Мен жеңіспен ораламын. Мені жеңіспен күтіңіз.

Әже: Айналайын! Біз сені жеңіспен күтеміз.

Слайд арқылы соғыс көріністері, түрлі ұшақтың, бомба тастаған, автоматтың дауыстары.

Радио: Тынданыздар! тынданыздар! Сөйлеп тұрған Москва! 1945 жылы 8 мамырда Германияның жоғарғы командованиясы жеңілгендігін мойындап, Актіге қол қойды. 9 мамыр – жеңіс күні!

«Жеңіс туы желбіреп» әні орындалады.

Жүргізуші:

Екі қолмен шоқ көсеп ойнағандар,
Кеудесін отқа төсеп лаулағандар.

Бір сәтке сол ерлерді еске алайық,
Жеңіс күнін жақындатуға атсалысқан жандарды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

Үнсіздік.

Жүргізуші: Қадірлі қонақтар, 9 мамыр жеңіс күні құтты болсын! Дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық тілейміз! Жер бетінде тыныштық болсын!

**1-бала:**

Сүйінші, халқым сүйінші!
Белінді бекем буыншы.
Жендік жауды күйрете
Жеңіс дәмін ұғыншы.

2-бала:

Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама.
Жеңіс келді әке боп,
Елдегі бар балаға.
Жеңіс келді ән болып,
Келді ауылға сән болып.
Жеңіс келді, алақай!
Тоя жейтін нан болып.

3-бала:

Туған жердің әр тасы,
Маған ыстық қашаннан.
Бұйраланған арнасы,
Қорғайтын ер боламын.
Елін, жерін сүйетін.
Ертеңі үшін күйетін —
Рухы биік ұланбыз
Болашаққа сенетін!

4-бала:

Ойлап-ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім кеп.

Қуанышты мереке

Жеңіс күні қай күн?—деп

Атамнан да сұрадым,

Көкемнен да сұрадым.

Жүргізуші: Иә, бұл жеңіс бізге оңай-лықпен келген жоқ.

Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, т.б. сияқты аты аңызға айналған ағаларымыз бен апаларымыздың жасалған ерліктері мәңгі жадымызда қалады, олар тарихта өшпес із қалдырды.

5-бала:

Сонау жылы жер көкті,
Соғыс бұлты торлаған.
Сонда Мәншүк әпкеміз,
Жаудан елді қорғаған.
Үстінде сұр шинелі
Дулығасы болаттан.
Мәншүк әпке күні-түні,
Жауға оқты боратқан.

6-бала:

Даламыздың данқы үшін
Балауса гүл болған қыз.
Жанын қиып халқы үшін
Жанып түскен, ақ жұлдыз.
Мәңгі жасап жерде енді,
Биік бол деп таулардан.
Сенің жарқын бейнеңді,
Жасап қойдық мәрмәрдан.

7-бала:

Әлия, Мәншүк апамыз,
Бауыржандай атамыз.
Фашистерден Отанды
Қорғап, батыр атанды.
Біз еліктеп өсетін
Батырларың десе кім.

«Вокал» тобының орындауында ән.

Жүргізуші:

Қыран құсым көк аспанда самғасын,

Желбіресін көк байрағы сан ғасыр.

Жас ұландар, биік ұста туынды,

Жарқыратып туған елдің таңбасын.

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

Ойын: «Құпия хат»



Жүргізуші:

Нұрланып қырымыз.

Құлпырсын гүліміз.

Жайқалсын бағымыз.

Жайнасын күніміз.

«Әрқашан күн сөнбесін» әні орындалады.



С. УМУТПАЕВА,

Г. СОПЫБЕКОВА,

№31 «Ақ сұңқар»

балабақшасының тәрбиешілері.

Астана қаласы.

Білім көзі кітапта

Халықты салауатты да сауатты өмірге бағыттауымыз керек деген сөздері бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбие берер жандарға міндеттелген тапсырма тәрізді. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірде-бір рухани қазына ордасы — мектеп кітапханасының алатын орны зор. Мектеп кітапханалары педагогтерге қызмет көрсете отырып, кітапқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалып-

тастыру, оларға кітаптармен жұмыс жасай білуді үйрету — кітапхана қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі. Жас оқыrmанды әдебиет әлеміне жетелейді, жаңа кітаптар туралы айтады, алған білімдерін есте сақтап қалуға және бос уақыттарын пайдалы өткізулеріне көмектеседі. Кітапхана-шылардың міндеті тек қана өз халқының ғана емес, сонымен қатар елімізді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мен өнерін насихат-

тап, жаңғыртып кейінгі ұрпаққа жеткізу. Осы орайда, Шымкент қаласы №48 жалпы орта мектебінің кітапханасында кітапты насихаттауда көптеген мәдени-көпшілік іс-шаралар атқарылды. Атап айтатын болсақ, «Кітап — өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» атты кітап апталығы өткізілді. Апталықтың ашылуында мектеп директоры Байболатова Ақмарал Каналқызы сөз алып, қазіргі кезде оқушылардың талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда ұстаздардың, мектеп кітапханаларының алатын орны ерекше және білімді ұрпақ — егеменді елдің берік тірегі екенін айтты.

Апталықтың ашылу салтанатында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сералиева Әлмира Айтжанқызы қатысып, кітап-ғылым мен техника, жоғары технология дамыған ХХІ ғасырда да бәрінің бастау алар қайнар көзі екенін айта келіп, апталықтың жоспарымен, әділқазылар алқасымен таныстырып өтті.

Апталықтың тақырыбына сәйкес кітапханашылар «Кітап — білім мен ғы-

лым ордасы» атты кітап көрмесін, оған библиографиялық шолу жасап, кітапханашы Қазанғапова Кенже көрмедегі кітапты оқушыларға ұсынып, олардың назарын әдебиеттерге аударып, ой-өрісін дамыту, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани тәлім тәрбие беру мақсатындағы жұмыстары жайлы айтып берді.

«Кітапхана әлеміне саяхат» 1-4 сынып оқушылары кітапхана мен, оның ережелерімен таныстырылды. Кітапханашы оқушыларға түрлі қызықты әңгімелер оқып берді. Мектеп оқушысы Қалыбек Даяна «Кітап — менің өмірім» және «Туған жер» әнін орындады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әуесбаева Гулмира кітап туралы мақал-мәтелдер айтып, оқушыларға білімді кітаптан үйренген адам жан-жақты ақылды, талантты, дарынды, ғалым болуға және келешекте күрделі жұмыстар атқаруға көмектесетінін айтты.

Апталықта «Мақтанышым — ана тілі» атты 4-5 сынып оқушыларының қатысуымен ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілік «Анамның тілі-аяулы үні» атты әнмен басталды. Қ. Шаңғытбаев-



тың «Ана тілі», Ә. Әбілтайдың «Ана тілі» өлеңдері оқылды. «Сөздің атасы мен анасы», «Қожанасырдың олжасы», «Алдар көсенің сиқырлы тоны» атты көрініс көрсетті.

«Кітапхана-білімпаздар мекені» атты әдеби-сазды кеште директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Исабаева Замира Әлімжанқызы сөз алып, оқушыларға кітапты оқи отырып, адамның ішкі рухани жан дүниесі артатыны жайлы айтты. 7-9 сынып оқушыларымен «Біз кітапханаға барамыз» атты байқау өткізілді. Байқау барысында оқушыларды екі топқа бөліп, олардың кітапқа деген құмарлығын, қызығушылығын байқау үшін әдебиеттен, мәдениеттен түрлі сұрақтар қойылды. Топтардың жауаптарына әділ қазылар алқасы өз бағасын берді. Атап айтқанда 1-топ «Кітапқұмарлар» тобы 45 ұпай жинап жеңімпаз атанды. Ал екінші

топ «Кітапсүйерлер» тобы 40 ұпай жинады.

Апталықтың қорытындысына жақсы баға бере отырып, мектеп директоры А. Байболатова уақыт талабына сай жаңа технология мен интернет жүйесінен іздеген материалын тауып алғанмен есінде ұзақ сақталмайды, ал кітап оқыған бала сауатты, зерек, сөз қорына бай, әдепті, биязы, парасатты, сөйлеу мәдениеті жоғары болатынына тоқталды. Сонымен қатар апталық барысында белсенді қатысқан оқушыларды «Ең үздік оқырман», «Сөзге шешен оқырман», «Білікті де білгір оқырман» номинациясы бойынша мақтау қағазымен марапаттады.

**Гулзира Ануарбекқызы
АЛДАБЕРГЕНОВА,
№48 жалпы орта мектептің
кітапханашысы.
Шымкент қаласы.**

Кітап. Ел. Рух

Мәдениет пен руханиятты насихаттаған 2023 жылдың 21 сәуір күні Михаил Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай «Кітап. Ел. Рух» даму күні шарасы аясында Зияш Телеуованың «Бет перде» кітабының тұсаукесері өткізілді.

Шараға келген қонақтар оқырмандар мен автор бір-бірімен кітап мерекесінде қауышып әдебиет пен мәдениеттің жай күйін айтты. Бұл шараның мақсаты кітап оқу мәртебесін көтеру, жалпы

әдебиетті насихаттау, оқырмандарды кітапханаға тарту және оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітапхананың бірлескен күшімен жастарды болашақ ұрпақты өркениеттің дамуына үлес қосу. Автормен оқырманды бір бірімен жақындастыруды да мақсат тұттық. Кештің арнайы шақырылған қонағы Зияш Телеуова сөз сөйлеп, кітап мен кітап мерекесіне қатысты пікірін білдірді.

Оқырман мен қаламгер арасында ерекше байланыс орнатуға сеп болатын



дүниенің бірі сүйікті жазушынмен жүзбе-жүз танысу. Шара барысында жастардың, мектеп оқушыларының көптеп қатысуы, олардың жай ғана қатысып кетпей кездесуге белсенділік танытып, сұрақтар қоюы өз ойымен бөлісуі осының бір айғағындай. Оқырмандар назарына жазушы Зияш Телеуова өмір жолдары мен шығармашылығы туралы фото слайд пен суретке түсу аймағы ұсынылды.

Кітапхана қызметкері Назерке Абатқызы «Детектив жанрының майталманы» атты Зияш Телеуованың кітаптарына библиографиялық шолу жасап, бүкіл саналы ғұмырын детектив жанрына арнаған қаламгердің өнегелі өмірін дәріптеу арқылы жас ұрпақты адами құндылықтарға тәрбиелеу және ақпараттар алу мүмкіндігіне кеңінен қол жеткізу екенін айтты. Аталмыш тақырыптағы кітап көрмесіне жазушының қаламынан туған 10-нан аса шығармалары, со-

нымен қатар ол туралы кітаптар мен мерзімді басылымдар беттеріндегі құнды мәліметтер оқырман назарына ұсынылды.

Шара барысында әдебиет әлемін қазіргі заман талабына сай жеткізе білген тамаша жазушы, Қазақстан Республикасының құрметті журналисі, КСРО Баспасөз қызметінің үздігі соңғы жылдары шытырман оқиғалы көркем шығарма жазумен оқырмандар көңілінен шығып жүрген замануи жазушы Зияш Телеуованың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мағұлматтар айтылды. «Бетперде» кітабы талқыланып, оқырмандар өз сұрақтарын қойып ой бөлісті. Оқырмандар Зияш Телеуова «Бетперде» кітабының әр тарауын оқып, талқылады. Оқырмандар өздерінің пікірлерін айта отырып, кітап оқиғаларын баяндап шықты.

Кітап — адамның жан-дүниесінің асыл қазынасы, рухани байлықтың өлшемі, адам интеллектісінің көрінісі. Ол — адамзат үшін ғасырдан ғасырларға жалғасып қызмет етіп келе жатқан ғылым мен өнердің, соның ішіндегі сөз өнерінің туындысы, ғалым адам мен қаламгердің жемісі.

Оқырманды кітапқа тартудың жаңа үлгісі ретінде кітапхана қызметкерле-



рі Зияш Телеуованың «Махабаттың ажалы» детектив жанрындағы шығармадан сахналық қойылым көрсетті.

Шараға «Айсын» радиожурналистика мектебінің директоры Айсын Байтакова, Ақтөбе гуманитарлық колледж және Жоғары көпсалалы Болашақ колледжі студенттері мен оқытушылары және қаламыздағы мәдениет және өнер мекемелерінің қызметкерлері қатысты.

Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығының өнерпаздары мен №41 Ф. Оңғарсынова атындағы мектеп гимназиясының оқушылары Зияш Телеуованың «Шам Дария» кітабындағы өлеңдерін жатқа оқыды.

Қорытынды сөз алған Михаил Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапхана меңгерушісі жазушының «Бетперде» кітабын көпшілікке кеңі-



нен насихаттауды жеткізіп, болашақтың кілті білімде әсіресе әдеби кітап оқуда екенін айтты.

Оқырмандар қатары көбейіп, кітап оқуға деген қызығушылық артса, бұл біздің рухани дамуымызға деген үлкен кадам болмақ.

Айымгул Узакбаевна СҚАҚОВА,
Қалалық Орталық кітапхананың
кітапханашы-редакторы.
Ақтөбе қаласы.

Қош бол, қасиетті Әліппе!

I жүргізуші: қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Сіздерді «Әліппені бітіру» мерекесіне арналған ертеңгілігімізді көруге шақырамыз.

II жүргізуші: Добрый день, уважаемые учителя, родители и ученики! Приглашаем Вас на утренник посвященной «Прощание с Букварем».

III жүргізуші: Good day our respectable teachers, dear parents and pupils! Welcome to our party of finishing «ABC».

I жүргізуші: «Ән шашу» әнімен тойымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

1-оқушы: Біз бүгін шексіз қуаныштымыз, өйткені алғаш хат танытып, сауатымызды ашқан Әліппені бітірдік.

2-оқушы: Сегодня мы бесконечно рады, потому что закончили изучение «Букваря» научившего нас правописанию и грамотности.

3-оқушы: Today we are very happy because we finished studying the book ABC, which is the main in knowledge.

4-оқушы: Біз енді өзіміз-ақ оқып, жаза аламыз. Ертегі әңгімелерді өзіміз оқитын болдық.

5-оқушы: Мы теперь можем самостоятельно писать и читать. Рассказы и сказки читаем сами.

6-оқушы: Now we can read and right. We read the stories and fairytales ourselves.

7-оқушы: Біз өлең жаттауды, сурет салуды, ән айтуды үйрендік.

8-оқушы: Мы научились многому: читать стихи, рисовать и петь.

9-оқушы: We learn a lot: to read a poem, to draw a picture and to sing songs.

«Қазақ биі» орындалады.

1-оқушы:

Мектебім, алтын ұям, нұрың жарық,
Жайнаттың үмітімнің гүлін жарып.
Сүйкімді сенің қоңырауың
Тұрады құлағымда сыңғыр қағып.

2-оқушы:

Білім деген ғажаптың,
Әліппесін меңгерген.
Келешегі қазақтың,
Басталады біздерден!

3-оқушы:

Жаксы білім көрімдік,
Болсын сізге, халайық.
Не үйреніп, не білдік,
Қане ортаға салайық.

4-оқушы:

Үйретіп алғаш бізге Әліппені,
Мұғалім ғылымға жол салып берді.
Адамның ой-арманы, мақсаттары,
Оқудың сәулесімен жарық көрді.

5-оқушы:

Әліппемен аштым өмір есігін,
Тербетемін білім бөбек есігін.
Өмір деген өрлі өзенге шайылып,
Жаттап өстім ұстазымның есімін.

6-оқушы:

Әліппе — білім анасы,
Әліппе — кітап данасы.
Әліппе бетін ашпаған,

Адамның бар ма баласы?

7-оқушы:

Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріп те.
Оқимыз қазір ертекті,
Үйреткен оны Әліппе!

8-оқушы:

Енді біз жаза білеміз,
Әріпті қосып әріпке.
Риза боп саған жүреміз,
Сүйікті біздің Әліппе!

«Әліппе» әні хормен орындалады.

Олай болса, қол соғып, қошеметпен
«Әліппені» ортаға шақырайық.

Әліппе:

Алғаш рет өзімнен,
Білім алды балалар.
Оқу сырын сөзімнен,
Біліп алды балалар.
Білімнен өскен санасы,
Елжірейді жүрегі.
Маған адам баласы,
Алғыс айтып жүреді.
Ау, балалар, балалар,
Достасыңдар досыммен.
Аттанғанда бүгін мен,
Ана тілін таныңдар.
Оқып ана тілінен,
Ақыл-білім алыңдар.

Ана тілі:

Менің атым — Ана тілі,
Орнын көптен дара тұр.
Мені жаксы игерсең,
Боларсың мендей оратор.
Атқаратын көп ісім,
Кеңейтем ой-өрісін.
Әңгіме, ертең, жырымды,
Көп оқыңдар сол үшін.

«Ана тілі» әні орындалады.

«Сырлы әріптер сыры» бөлімі: (оқушылар әріп реті бойынша тақпақтар айтты). («Оқушылар мен кітаптар» деп аталатын көрініс көрсетіледі).

1-оқушы: Неге осыншама түрлерің

жаман, а, өздерің қашып келе жатқанға ұқсайсындар.

Дүниетану: Иә, ауырып тұрмыз.

Математика: Әрең қашып құтылды.

2-оқушы: Жағдайларың белгілі болды. Сендер салақ, ұқыпсыз оқушыға түскенсіңдер. Содан ол сендерді қалай болса солай ұстаған. Жүріңдер, мен сендерді кітап емханасына апарайын. (*Емханаға келеді*).

1-оқушы: Мен сізге оқушыдан қашып кеткен оқулықтарды алып келдім. Екеуі де қатты ауырып тұр.

Дәрігер: Кел, дүниетану, тындап көрейін. Саған су тиген. Су тиген соң кітаптың беттері босап, тез сынғыш болып келеді. Әрі беттерің кір, қолмен ұстаған, майдың іздері түскен, беттерің бүктелген. Математика оқулығы, кел, сені де көрейін. Сені қолшоқпарға ұқсатып қатты заттарды ұрған, содан кітаптың сыртқы беттері бөлек шашылып қалған. Беттерің шимайланған, белгі соққан. Енді мен сендерді үйлеріңе жібермеймін. Сендер емханада жатып, емделесіңдер. Жүріңдер емханаға.

Оқушылар «Қара жорға» биін билейді.

I жүргізуші: Мектебіміздің үш тілде оқытатыны сіздерге мәлім. Ал қазір не

үйрендік, қане, ортаға салайық. Біздің ертеңгілігімізге шетелден қонақ балалар музыкалық сәлемдерін алып келіпті. Сол балаларды ортаға шақырайық.

Ағылшынша көрініс көрсетіліп, ән орындалады.

I жүргізуші:

Әліппе даңғыл жол ашты,
Жаңадан пәндер жалғасты.

Әліппе сырын ұқтырған,
Рахмет, ұстаз алғашқы!

II жүргізуші: Азбука научила нас читать,

Слова на слоги разделять.

И первый наставник, и первый учитель,

Открыла нам дверь в дорогу открытий.

III жүргізуші: «ABC» opened the way and new subjects starting, for given knowledge thanks for the first teacher.

Қорытынды.

Жанар Борамовна НУРАХМЕТОВА,
Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын
көпбейінді гимназияның бастауыш

сынып мұғалімі.

Семей қаласы,

Абай облысы.

Шаңырағым – шаттығым

Мақсаты: Отбасындағы әке мен ананың, баланың рөлін айқындау, ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге үйрету. Оқушылардың ата-анаға құрмет, қамқорлық сезімін арттыру.

Түрі: сайыс.

Барысы

1-жүргізуші: Саламатсыздар ма құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Бүгінгі интернатымызда өткелі отырған «Шаңырағым – шаттығым» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Отбасы – шағын мемлекет. Ол – тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейрімділік пен адамгершіліктің ордасы. Адам баласының өмірге келгеннен кейінгі бар тіршілігі отбасында өтеді.

1-жүргізуші: Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері, ұрпақ жалғасы балалар болып табылады. Отбасында балалар негізгі тәрбиені ата-анадан алады. Олай болса баланың бас ұстазы — ата-ана.

2-жүргізуші: Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді. Бүгінгі Отбасы күніне арнап өткізгелі отырған «Шаңырағым — шаттығым» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Ендеше сайысқа түсетін жанұя мүшелерін таныстырып өтейік. Біз 3 жанұя тандап алдық.

1-жүргізуші:

Өнерпаздар өнерін салыстырып,
Бәйге үшін терлетер шабыстырып.
Әділдікті қолдайтын баға беріп,
Жібереік қазыларды таныстырып.

Бүгінгі сайыстың әділ бағасын беріп, жеңімпазын анықтайтын әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар. Сайыс 5 ұпайлық жүйемен бағаланады және әр бөлімнің бағалау өлшемдері болады.

Сайыс бағдарламасы бес бөлімнен тұрады.

1-бөлім — Таныстыру (Жанұя — менің мақтанышым) Жанұя туралы кішкене мағлұмат беріп, таныстыру;

2-бөлім — «Сұрақ-жауап сайысы»;

3-бөлім — «Өнерлі өрге жүзер». Әр отбасы өз өнерін көрсетеді.

4-бөлім — «Бірлік бар жерде тірлік бар» (Аналар, әкелер, балалар сайысы)

5-бөлім — «Сазды конкурс» (әуенді анықтап, ән айту, би билеу)

2-жүргізуші:

Отбасымыз келіп жетті танысуға,
Сыпырды томағасын осы дұға
Қызып келген қырандай керілтеді,
Әдеппенен ізетпен танысуға.

Ендеше «Таныстыру» бөліміне кезек берейік. Әрбір отбасы өздерін таныстырып өтеді.

1-жүргізуші: «Сұрақ-жауап сайысы»

1-жанұяға арналған сұрақтар.

1. Ер жігіттің қанша жұрты болады? (Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты)

2. Бөле деп кімдерді айтамыз (апалы-сіңлі қыздардың балаларын бөлектер деп атаймыз)

3. Киіз үйдің шаңырағына жабатын-киізді не деп атаймыз (түндік)

4. Үш байлықты атаңыз? (Денсаулық, ақ жаулық, он саулық)

5. Сыбаға дегеніміз не? (Құрметті қонаққа немесе өздерінің жақын туыстарына арнап сақтаған кәделі ет сыбаға деп аталады)

2-жүргізуші: 2-жанұяға арналған сұрақтар.

1. Қарашаңырақ иесі кім? (Кенже ұл)

2. Бес асылды атаңыз (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)

3. Бес қатерді атаңыз? (От, жау, борыш, ауру, сөз)

4. Әкеден балаңа берілетін зат? (Мұра)

5. Байғазы деген қандай дәстүр? (Балалардың, жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый)

1-жүргізуші:

3-жанұяға арналған сұрақтар.

1. Бес дұшпанды атаңыз? (Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

2. Төрт түліктің пірін атаңыз. (Түйе пірі — Ойсыл қара, жылқы пірі — Қамбар ата, сиыр пірі — Зеңгір баба, қой пірі — Шопан ата, ешкі пірі — Шекшек ата)

3. Жеті жұтты атаңыз? (Құрғақшылық, мал жұтау, оба, өрт, соғыс, жер сілкінісі, сел)

4. Үш биді атаңыз? (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)

5. Бастаңғы деген дәстүрдің мағы-

насын түсіндіріңіз. (Жастардың ата-анасы жоқ кезде өзінің қатарын шақырып, жегізетін тағамы)

2-жүргізуші:Үй тапсырмасы. (Өнерлі өрге жүзер) Біз қазақ халқы әнді де, биді де, күйді де сүйетін халықпыз. Біздің жанымыз өнерге жақын. Ендеше бұл бөлімде әр отбасының өнерлерін тамашалайық.

1-жүргізуші: Бірлік бар жерде тірлік бар

Ендігі кезекте 3 топқа бөлінеміз. Әкелер бір топ, аналар бір топ, балалар бір топ.

а) Аналар сайысы «Ою ойғанның — ойы ұшқыр» деп аталады. Аналарымыздың ою ойғанын тамашалаймыз;

б) Балалар сайысы «Қылқалам шебері» деп аталады. Бұл сайыста бала «Біз бақытты отбасы» тақырыбында шағын сурет салады;

в) Әкелер сайысы «Кім күшті» деп аталады. Әкелер өз күшін сынап қол күрестіреді және қойылған сұрақтарға жауап береді

1. Отбасындағы ұл тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай?

2. Өз ұлыңыздың бойындағы қандай құнды қасиетті бағалайсыз?

3. «Ақылды қария, ағып жатқан дария» мақалының мағынасын ашып түсіндіріңіз

4. Немереңіздің болашақта қандай азамат болып өскенін қалайсыз?

«Ана-әке» әні орындалады.

2-жүргізуші: Сазды конкурс.

Әр отбасына арналып бір әннің сазы ойналады, сол әнді тауып жалғастырулары қажет.

Қорытынды.

– Құрметті ата-аналар және ұстаздар, балалар бүгінгі «Шаңырағым — шаттығым» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Барлықтарыңыздың отбасыларыңызға бақыт, береке және бірлік тілейміз.

Марапаттау.

**Айнур Курмановна
КАКИМОВА,**

**Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты
тәрбиешісі.**

Батыс Қазақстан облысы.

Жеке бас гигиенасы



**Әсем Сейілқызы
ӘБІЛҚАДЫРОВА,
Д. Шалабекұлы
атындағы негізгі
мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Қантай ауылы,
Нұра ауданы,
Қарағанды облысы.**

Мақсаты:

Білімділік: оқушыларға гигиена, гигиена ережелері туралы түсінік беру, гигиена ережелерін орындауға үйрету;

Дамытушылық: санитарлық-гигиеналық білімдерін, шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру;

Тәрбиелік: ұқыпты, жинақы, таза,

салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, қанатты сөздер «Дені сау ұрпақ — жарқын болашақ», «Су — гигиена негізі», сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Психологиялық даярлық.

Мұғалім сөзі: Адамның басты байлығы — денсаулық. Денсаулық дегеніміз — адам ағзасының қалыпты дұрыс жұмыс істеуі. Денсаулық — адамға табиғат берген басты құндылық. Денсаулықты түрлі тәсілдермен нығайтудың негізгі тәсілдерінің бірі — салауатты өмір салтын сақтау.

Гигиена — бұл денсаулықты қорғау және тазалау туралы ғылым. Сондықтан адамның жеке мүшелерін күтуде тазалық ережелерді орындау арқылы өз денесінің тазалығын сақтай алады. Олардың барлығы да маңызды. Егер сен олардың барлығын жаттап, есте сақтайтын болсаң, ешқашан ауырмайсың, әрі сүйкімді, әрі мықты боласың.

Жеке бас гигиенасын бірнеше бөлімге бөліп қарастырайық:

1. Тері гигиенасы;

2. Ауыз қуыс гигиенасы;

3. Аяқ-қол гигиенасы;

4. Киім, аяқ-киім гигиенасы.

1. Тері гигиенасы.

Тері-сезім мүшесі,

Маңызды оның үлесі.

Сол арқылы білесің,

Сезіп затты, ыстықты.

Қатты, жұмсақ, суықты,

Тері дайым дұрыстап.

Қызуыңды реттейді.

Зиян микроб, вирустар,

Ағзаға одан өтпейді.

Терінің тазалығы — денсаулықтың негізгі жағдайы және жеке тазалықтағы бірінші талап. Теріге шаң-тозаң

жабысады. Терінің әр түрлі жағдайлардың әсерінен пайда болатын толып жатқан аурулары бар. Тері ауруларын зерттейтін ғылымы — дерматология, ал емші дәрігері — дерматолог деп аталады. Таза және ауруға шалдықпаған тері денеге әр түрлі микробтардың енуіне жол бермейді.

Теріні қалай күту керек?

Теріні дұрыс күте білу оның қабынып ауруына және мезгілінен бұрын қартаюуына жол бермейді. Терінің ашық жерлерін күнделікті, ал жабық жерлерін аптасына кемінде бір рет сабынды сумен жуады.

Жылы сумен жуынған дұрыс. Ыстық су терінің созылғыштығын кемітіп, оны шандыр етіп жібереді. Ал суық су май бездері өнімдерінің қалыпты бөлінуін бұзады және безеу шығуына себепші болады.

Еріншектен — салақтық,

Салақтықтан — надандық.

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сөйтіп адамдық.

Еріншек таза жүре алмас,

Кір қолын да жуа алмас.

Қаракет жоқ, ғылым жоқ,

Өз бойынан ұялмас.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған, мақал-мәтелдер айтайық.

1. Денсаулық — зор байлық.

2. Тазалық — саулық негізі,

3. Саулық — байлық негізі.

4. Тәні саудың — жаны сау.

5. Ауырып ем іздегенше,

Ауырмайтын жол ізде.

6. Аурудың жақсысы жоқ,

Дәрінің тәттісі жоқ.

6. Ауруын жасырған өледі.

7. Ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады.

8. Жан ауырса, тән азады.

9. Көзің ауырса, қолыңды тый,

Ішің ауырса, аузыңды тый.

10. Бас аманда мал тәтті,
Бас ауырса жан тәтті.

2. Ауыз қуыс гигиенасы

Мен айтайын тақпақ,
Алғын оны жаттап.
Тісінді жу, тазарт,
Маржандай болсын аппақ.

Атқаратын қомақты,
Ауыз қуыс ісі бар:

Ұсататын тамақты,
Отыз екі тісі бар.

Алғашқы тіс — сүт тістер —
Түсіп бірте тынады.

Алты жастан нық тістер —
Тұрақты тіс шығады.

- Тістер неге ауырады?

- Тістерді қалай сақтау керек?

Күніне 2 рет тазарту. Тамақтан соң
ауыз шаю. Тәттіні аз жеу.

Жылына 1 рет тіс дәрігеріне қаралу.

Көрініс «Тістер неге қашты?» (Ертегі)

Тіс болмаса,
Асты қалай шайнарың?

Тісті күнде екі рет,
Тазартуды ойларсың.

Әдет қыл бұл ісінді:

Тазалап жүр тісінді.

Кішкене де ыңғайлы,

Тіс щеткасын пайдалан.

Тазалауға болмайды

Щеткасымен басқа адам.

3. Аяқ-қол гигиенасы.

Аяқ-қол — көмекші,
Күт оны ерекше.

Қол жиі ластанар,
Сондықтан істің әр

Соңында қолды жу,
Жояды кірді су.

Аяқ-қолды кірлетпей,
Тырнағынды алып жүр.

- Қолды қалай жиі жуу керек?

- Аяқ пен қолды қалай күту керек?

Аяқ терлемес үшін оны түнге қарай
салқын сумен сабындап жуу керек.

Таза шұлық кию қажет.

Дәретханаға барған соң, тамақ ішер
алдында, тамақтан соң қолды жуу ке-
рек.

Қолдың тырнағын апта сайын, аяқ-
тың тырнағын 2-3 аптада бір алады.

«Жаттығу — жанның тынысы» (ойын)

Мына мен, тұра сала төсектен,
Жаттығамын, спортшы деп есепте.

1-2-3! 1-2-3!

Бұлшық етте, міне күш!

Терезенді аш, жасағанда жаттығу,

Қажет емес, қажет емес аптығу.

1-2-3! 1-2-3!

Бұлшық етте, міне күш!

Ептімін де елгезекпін кептерше,

Шалқаямын жерге желкем жеткен-
ше.

1-2-3! 1-2-3!

Бұлшық етте міне күш!

Денем қызып, мандайдан тер бу-
нақтап,

Аунақшимын, дөңгелеймін тұмақта.

- Біздер алғыр баламыз. Жасырылған
жұмбақтың шешуін тез табамыз.

Жұмбақтар:

1. Бұдан кір қорқады,

Судан бұл қорқады. (Сабын)

2. Жуынып болғаныңда,

Жүреді қолдарыңда. (Орамал)

3. Дәмі де жоқ, түсі жоқ,

Пайдаланбас кісі жоқ. (Су)

4. Тойғанша аузыңа аласың,

Тойған соң, тастай саласың. (Қа-
сық)

5. Түйістіреді көзінді-көзіңе,

Жолықтырады өзінді-өзіңе. (айна)

6. Қалтамда жатыр тісі бар,

Тістемей-ақ істер ісі бар. (Тарақ)

7. Қимылдаса қос шебер,

Қыруар-қыруар іс өнер. (Қол)

4. Киім, аяқ киім гигиенасы

Жатырқар іс кімді,

Болсаң ел азамат?

Кірістім үстімді

Алмаққа тазалап.
Білекті сыбанып
Мінеки, кір жудым:
Көйлегім қуанып,
Көзінде тұр күннің.

- Киім мен аяқ киімді қалай тазарту керек?

Киімді жуып, үтіктеп кию керек.
Киім жарасымды болған дұрыс.

Аяқ киім әрқашан құрғақ, жайлы болуы керек.

- Жылдың әр мезгілінде қалай киіну керек?

Сөзжұмбақ шешу «Денсаулық»

1. Ауырғанда көмекке келетін адам? (Дәрігер)

2. Денсаулықты қорғау және тазалық сақтау туралы ғылым? (Гигиена)

3. Міңгір-күңгір,

Қос үңгір.

Қосылатын түбі бар,

Жақсы-жаман иісті,

Бірден сезуге тиісті. (Мұрын)

4. Ауыз қуысындағы 32 маржан? (Тіс)

5. Бос тұрған саңғырақ,

Екі қаңғырақ.

Тұрады жалбырап,

Сырғалық салбырап. (Құлақ)

6. А, В, С, Д, Е – бұл не? (Дәрумен)

7. Не? - саулық негізі? (Тазалық)

8. Зиянды әдеттің бірі? (Шылым шегу)

9. Адам ағзасындағы сұйық? (Қан)

«Су – гигиена негізі» әні орындалады.

Қорытынды:

Денсаулық – адамның дене және рухани қасиеттерінің жиынтығы, бұл қасиеттер адамның ұзақ өмір сүруімен қоғам игілігі үшін еңбек етуіне әсер етеді. Ауырмаудың ең оңой жолы – аурудың алдын алу. Денсаулықты күту. Ол үшін гигиена ережелерін орындау, таза жүру, денені шынықтыру, таза ауада серуендеу қажет. Міне, мұның бәрі денсаулыққа пайдалы. Құрметті оқушылар! Денсаулықты қадағалау – сіз бен біздің қолымызда.

Тазалықты сүйеміз,

Таза болып жүреміз.

Біз баламыз шыныққан,

Денсаулығы мықты жан.

Жол жүру ережесін бәрі білу қажет

Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс-жүзінде асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережелерін ойда сақтай білуге үйрету. Тәртіптілікке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.

Барысы

Жүргізуші: Құрметті оқушылар! Бүгін біз сендермен жолда жүру ережесінен білімдерімізді көрсетеміз. Ол үшін біз екі топқа бөлінуіміз қажет. Әділ қазылар алқасын сайлаймыз.

1. Әділ қазылар алқасымен және командалармен таныстыру

I команда «Автомобиль».

Ұраны: «Ақырын жүріп, андып бас»

II команда «Жүргінші»

Ұраны: «Жол тәртібін сақтайық,
аман-есен болайық»

Сайыстар.

I. Сайыс «Алысқа, алысқа, алысқа...»

Жұмбақтар:

Әкемнің тор тайы,

Май жалап, су ішсе,

Токтамай жортады. (Автокөлік)

Үш көзді батыр,

Жолды андып жатыр. (Бағдаршам)

Арқаным тым ұзын,

Ала алмайсың бір үзім. (Жол)

Қозғалмасаң – құлайды,

Сүйемесең – сұлайды.

Құйымшақта ері бар,

Бұл не деген зат еді? (Велосипед)

Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өмірінді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам. (Инспектор)

Қатар жатқан қос білек,

Үстінен келер күш үдеп. (Темір жол)

Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,

Есіркеп ешбір адам жемдемейді.

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Доғасын сымына сүйреп, жол жө-
нейді. (Троллейбус)

Оқушы:

Айтқан сөзді құптап,

Тек абайлап атта.

Ережені мықтап,

Есінде ылғи сақта.

Автобусты тек аялдамада күту қа-
жет.

Жүргізуші: Жаяу жүргіншіге не
қауіпті деген ой бәріне келеді. Ол үшін
тек жүргізуші ғана емес, жаяу жүргін-
ші де жол ережесін жақсы білу қажет.
Сендер бір жерге бару үшін көбінесе
қоғамдық көлікті пайдаланасындар.

Автобустан түскеннен кейін жаяу
жүргіншілер өтпесі бар жерден ғана
жолдан өтіндер.

II. Сайыс «Кім жылдам?»

Қағаз қиындыларынан көлік түрін
құрастыру.

**III. Ойын «Мен және менің доста-
рым»**

Жүргізуші: Мен сендерге сұрақтар
қоямын. Егер сендер келіссендер мен
және менің достарым деп жауап бере-
сіңдер, келіспесендер үндемейсіңдер.

Кім қоғамдық көліктерде үлкендер-
ге орын береді?

Кім бағдаршамның қызыл түсі жан-
ғанда жолдан өтеді?

Кім жаяу жүргіншілер жолынан ғана
өтеді?

Кім автобуста жолға ақша төлемей-
ді?

Кім жол бойында доп ойнайды?

Кім жолда жан жағына қарамай өте-
ді?

Кім бағдаршамның жасыл түсіне
ғана жүреді?

IV. Сайыс «Сен білесің бе?»

1. **Жаяу жүргінші жолдың қай бөлі-
гімен жүру қажет?**

(Жаяу жүргінші тек тротуармен ғана
жүру керек. Себебі, үлкен жол бөлігі
тек жүргізушілерге ғана арналған)

2. **Жаяу жүргінші тротуардың қай
жағымен жүру керек?**

(Жаяу жүргінші қарама-қарсы келе
жатқан адамға бөгет жасамау үшін
тротуардың оң жағымен жүру қажет)

3. **Жолды қиғаштап кесіп өтуге бола
ма?**

(Жоқ. Жолды тура қиып өт, қиғаш-
тап өткенге уақыт көп кетеді және келе
жатқан көлікті көрмейсің)

4. Неге жол бойында ойнауға болмайды?

(Жол бойында ойнап жүрген балалар көлік жүргізушілеріне бөгет жасайды және ойынмен байқамай көлік апатына ұшырауы мүмкін)

5. Бағдаршамның сары түсі жанғанда жолдан өтуге бола ма?

(Жоқ. Бағдаршамның сары түсі аралық түс. Ол «Дайындал» дегенді білдіреді)

6. Бағдаршам жоқ жерде жолдан қалай өту керек?

(Жолдан өтер кезде ең алдымен сол жағыңа қара, жол ортасына жеткенде оң жағыңа қара егер машина жоқ болса өте бер)

7. Бағдаршамның түстері қандай ретпен орналасқан?

(Бағдаршамның түстері жоғарыдан төмен қарай: қызыл, сары, жасыл)

8. Жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамның тағы қандай түрлерін білесіңдер?

(Жасыл және қызыл түсті адам бейнеленген және жасыл түсті «Жүріңіз» және қызыл түсті «Токта» жазуы бар бағдаршам)

V. Сайыс «Бағдаршам»

Бағдаршам: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерді бағдаршам мектебіне шақырамын. Бірақ алдымен мына тапсырмаларды орындауларың қажет. (Әр топ бағыттары жазылған парақтар алады. Әділ қазылар алқасы сол параққа бағаларын қояды)

1. Жолдан өту. Бұнда команда сап түзеп бағдаршамнан 10 қадам ары тұрады. Бағдаршам кезек-кезек үш түсін көрсетіп тұрады. Қызыл түсі жанғанда бір қадам артқа шегіну қажет, сары түсінде сол орнында қалады, жасыл түсі

жанғанда алдыға жылжиды. Кім қателессе, сол ойыннан шығады. Топтың максаты — осы 10 қадамды қатесіз өту қажет.

2. Епті жаяу жүргінші. Бағдаршам дөңгелектеріне ұқсайтын дөңгелектерге топ қатысушылары кішігірім доп лақтырады. Жасыл дөңгелекке түссе — қатардың соңғы жағына ауысады, сары дөңгелекке түссе — лақтыруын қайталау қажет, қызылға түссе — допты келесі ойыншыға беріп, өзі орнында қалады. Ауысуды тез бітірген топ жеңімпаз атанады.

3. Ойлан, тап. Әр топ бірдей екі тапсырма жазылған конверт алады. 2 минут дайындыққа беріледі. Қай топ бірінші дайын болса сол топ жауап береді.

I конверт:

- 1) Тротуар дегеніміз не?
- 2) Жол реттеушісінің неше сигналы бар?
- 3) Жол қиылысы дегеніміз не?
- 4) Жаяу жүргіншілер қандай жерлермен жүреді?

II конверт:

- 1) Жол өткелінен жүгіріп өтуге бола ма?
- 2) Велосипедпен неше жастан бастап жолмен жүруге болады?
- 3) «Зебра» дегеніміз не?
- 4) Бағдаршамның қызыл жарығының мәні қандай?

4. Белгіні тап. Бұл сайыста жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілерінің мағынасын түсіндіреді.

VI. Сайыс «Жол әліппесі»

Сюжетті суретті қарап, балалардың жол жүру ережесінен қандай қателік жібергенін табу.

VII. Сайыс «Насихат плакат»



ЖЖЕ байланысты алдын ала дайындап әкелген плакаттарын қорғау.

Әділ қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап марапаттайды.



Гүлназ Ерсінғазықызы БОЛЕСОВА,
№25 орта мектептің бастауыш сынып
мұғалімі.

Семей қаласы,
Абай облысы.

Орта топ балаларының шығармашылық белсенділігін дамыту жолдары

Мектепке дейінгі балалардың бейнелеу қабілеттері мен шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мектепке дейінгі кіші және орта жаста сабақтың мазмұнына, заттармен жұмыс

істеу процесіне эмоционалдық көзқарас мотиві басым болады. Материалдың динамикалылығы, жарқындығы, оның жаңалығы танып білуге ынталылық танытады. Практикалық, ойын іс-әрекеті (ойыншық жасау үшін желімдеп үйре-

ну) мотивтері, артықшылық мотивтері («Мен бәрінен де жақсы жасаймын»), сыртқы (жұмыстың өзінің тартымдылығы) мотиві. Мектепке дейінгі ересек жасқа қарай әлеуметтік, танымдық, бағалаушылық мотивтер пайда бола бастайды. Мектепке дейінгі кіші және орта жаста әрекетін жоспарлау және басқа көптеген оқу жұмыстары тәрбиешінің көрсетуімен жасалады. Тәрбиешілер орта топ – балаларды ойында неғұрлым күрделі рөлдік болмысқа көшіру, серіктестерінің әр түрлі рөлдеріне сәйкес өзінің рөлдік болмысын өзгерту білігін қалыптастыру, ойын ролін ауыстыру және ойын барысында серіктесінің жаңа ролін белгілеу кезеңі деп есептейді. Бұл кезеңде балаларды ойын арқылы шығармашылыққа баулу кезеңі деп те есептейді.

Шығармашылық — әлеуметтік себепшарттан туындайтын қызмет. Шығармашылықтан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Шығармашылықтық процесс кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді. Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күшіне жатады. «Шығармашылық» сөзінің төркіні — «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағына береді. Шығармашылық деген сөздің төркіні, этимологиялық шығару, ойлап табу дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке жету деп түсіну керек.

Шығармашылық — адамның өмірде өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Альбер Камю «шығармашылық — адамды жоғарғы қуанышқа жеткізеді. Шығармашылықты көбіне өнермен байланыстырады» деген болатын. Шығармашылық

қабілет әр баланың табиғатына тән. Біздің міндетіміз, оның бойында жасырын жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Педагогтар К.Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин, А.С. Макаренконың еңбектерінде шығармашылықты дамытудың жолдары қарастырылса, психолог-ғалымдар Қ. Жарықбаев, Т. Тәжібаев, Ә. Алдамұратов, Ж. Намазбаева, т.б. шығармашылық іс-әрекет бағыттарын қарастырды. Белгілі музыкант П.И. Чайковский «Шабыт — жалқауларға жоламайтын, оның есігін ашпайтын қонақ» деп қарастырады. Шабытты күй ой мен бейне қозғалыстарының жеңілдігімен олардың айқын әрі молдығымен, тебіреністердің тереңдігімен сипатталады. П.И. Чайковский шабытты ерекшеліктеріне қарай сипаттайды: Олар төмендегідей:

- Шабытты күй қойылған мәселені шығармашылықтықпен шешу үшін құмарта және табандылықпен ұмтылғыш адамда пайда болады. Шабыт — жалқауларға жоламайтын, оның есігін ашпайтын қонақ»;

- Шабытты күй ой мен бейне қозғалыстарының жеңілдігімен олардың айқын әрі молдығымен, тебіреністердің тереңдігімен сипатталады;

Шабытты күй аясында таным процесінің бәрі жемісті өтеді. Ерік ой мен әрекет тәртібін қамтамасыз етіп отырады деп ойын тұжырымдайды. Неміс классикалық философиясының беделді өкілі И. Кант адам ойына шек қоюдың мүмкін еместігін айтады. Адам шығармашылықта еркіндікке қол жеткізеді десе, Н.А. Бердяев шығармашылықты — шығармашылықтық интуициясы, түпкі ниеті, оның ойындағы көркем немесе поэтикалық образ бейнесі, құлағына естіліп тұрған симфония, ішкі әлі ашылмаған жаңалық немесе өнер табысы, - дейді де, шығармашылықты

бірнеше сатыға бөліп қарастырады: ол бірінші суретшінің шығармашылықтық интуициясы, түпкі ниеті, оның ойындағы көркем немесе поэтикалық образ бейнесі, құлағына естіліп тұрған симфония, ішкі әлі ашылмаған жаңалық немесе өнер табысы. Одан кейін оны жүзеге асыру, яғни шығармашылық үдерісі жүреді, бұл үдерістен артық ештеме жоқ деп қарастырады. И.Д. Левиповтың пікірінше, балалардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және балалардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Альбер Камю: «Шығармашылық — адамды жоғарғы қуанышқа жеткізеді», - дейді.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында ол қабілеттің еңбек үстінде қалыптасып дамитындығын айтса, ал әрекет — еңбектің жай формасы ретінде түсіндіреді. Еңбек — аса күрделі процесс. Ол екі түрде дамиды, біріншісі — дене еңбегі, екіншісі — ой еңбегі деген. Оның «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин ең кішкентай жәндіктердің өзінің тіршілігі үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете отырып, оларды балаларға үлгі етеді. Өрмекші, құмырсқа құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа деген ой айтады.

Шығармашылық — адамның өмірде өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Бейнелеу өнері және еңбек баланың ерте айналысатын іс-әрекеттері. Бала өз ортасында көрген-білгенін сурет арқылы бейнелегісі келетінінен аңғаруға болады. Алғашқыда баланың салған суреті ешбір түсініксіз парақ шимайға толы болады. Білімді дұрыс жетекші ету барысында

баланың алғашқы ұмтылысындағы жай шимайлары, бірте-бірте олардың суреттері пішіндік сипат алып, олар керекті біліммен қаруланады. Баланың бейнелеу өнері мен еңбегі арқылы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың нәтижелі болуы тындай білудің, тындап қана қоймай ұғып алуы мен белсенді іс-әрекет етуі арқылы іске асырылады.

В.Г. Разумовский: «Шығармашылық үрдістің барлық негізгі сипаттары: өнімнің табыстылығы, болжаудың кенеттілігі, жаңалық ашудың кездейсоқтығы, оған сезімдік және басқарылмайтын сипат бергенмен бәрі де салыстырмалы болады», - дейді.

А.Н. Лук шығармашылық қабілет компоненттерінің құрамына басқа көзқарас тұрғысынан келе отырып, шығармашылық қабілеттерді үш негізгі топқа бөліп қарастырады:

1. *Ынтамен байланысты қабілеттер*: қызығушылық, икемділік — оқушы кез келген іс-әрекет нәтижесінде жақсы нәтиже алу немесе белгілі қабілет түрін дамыту үшін алдымен, осы іс-әрекетке, қабілетке деген қызығушылығы, ынтасы болмаса оның нәтижесінің де төмен болатыны сөзсіз.

2. *Темпераментпен байланысты қабілеттер*: сезім, көңіл-күй — бұл кез келген істі орындауда негізгі, қажетті көрсеткіш. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда олардың іс-әрекетке деген көңіл-күй деңгейі маңызды, сондай-ақ көңіл-күйдің оқушы жұмыстарының нәтижелігіне әсер етуі.

3. *Ақыл-ой қабілеттері*: шығармашылық, ізденіс — кез келген іс-әрекет ақыл-ой қабілеттерінің негізінде ғана іске асады. Балалардың шығармашылық бағытта жұмыс істеулері ақыл-ой қабілеттері арқылы жоспарланып, іске асырылады.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралының бірі — еңбекке баулу. Мектеп алды балаларын еңбекке баулудың ғылыми педагогикалық негізін зерттеген ғалым С.Н. Жиенбаева болды. Ғалым 6-7 жас балаларды еңбекке үйретуге қол еңбегін қазақтың қолөнерімен ұштастырып, қазіргі оқыту технологияларын үйлесімді қолданудың ғылыми-әдіснамалық нұсқауын ұсынды. И.И. Данчук қоғамдық пайдалы еңбек арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың ғылыми әдістемесін жан-жақты талдады. И.И. Данчуктің ойын жалғастырған Н.В. Терехова ұйымдастырылған іс-әрекет негізінде еңбекке шығармашылық қатынасын қалыптастырудың мазмұны мен әдістерін анықтады.

Ғалым Ж.М. Құнантаева: «Еңбекке тәрбиелеу алғашқыда балаға өзіне-өзі қызмет ету, үйде үлкендерге көмектесу дағдыларын беруден бастайды», - дейді. Көркем еңбек іс-әрекеті арқылы қалыптасатын шығармашылық — жаңа эстетикалық құндылықтарды құру болып табылады. Баланың қабілеті екі түрлі әрекетте дамиды. *Біріншіден*, кез келген бала оқу іс-әрекетінде адамзат баласының осы кезеңге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, *екіншіден*, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу іс-әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына, өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Мәселені өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Шығармашылық әр баланың табиғатында әуел баста бар дүние.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық іс-әрекеттер

және оның нәтижесі болып табылатын шығармашылық ойлау әрекеті. Балалардың шығармашылық, практикалық дағдыларын қалыптастыру Балалар тілді меңгере отырып, заттарды, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімді игере бастайды. Балаларға арналған көркем шығармалар балалардың тілін дамытып, көркем өнерге қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік береді. Балаларда 2-3 жас аралығынан бастап сурет салуға деген қызығушылықтары туындап, қабілеттілігі артады.

Қабілеттілік — адамның мінез-құлқын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді, психикалық әрекеттің негізіне, шартына айналады. Қабілеттілікті анықтайтын қасиеттер: сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық, зеректік, ойлампаздық, көрегендік, зерделілік, идеяларды оңай туындата алушылық, сөз саптау еркіндігі, тұтас қабылдауға, ұғымдарды салыстыруға (алыстату, жақындату, қиыстыру, т.б.) жатады. Қабілеттің дамып, қалыптасуы үрдісі әртүрлі деңгейде өрістеп, бала іс-әрекетке бейімделе бастайды.

Бейімділік — оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады. Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, шығармалық болады. Баланың бойындағы шығармашылық қасиетін дамыту көбіне тәрбиешілердің кәсіби біліктілігіне байланысты. М. Жұмабаев өзінің Педагогика оқулығында бала дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін қалыптастыру керек екенін жазады. Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді.

Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді жасы үлкендер жеткілікті бағаламаса, ол өзгелер сияқты болып қалып қоюы мүмкін, - дейді. Баланың өз бетімен жұмыс жүргізуі — шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша дайындалатын студенттерге арналған оқулық / Р.К. Аралбаева. — Алматы: 2012. - 220 б.;

2. Байназарова Т.Б., Асилбаева Ф.Б. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек және бейнелеу іс-әрекетінде шы-

ғармашылығын қалыптастыру. оқу құралы/ Байназарова Т.Б., Асилбаева Ф.Б. — Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014. - 167 б.;

3. Баймолдаев Т., Ахметұлы Қ. Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру жолдары. — Алматы.:Дарын, 2004. - 348 б.

Галия Турысбековна АБИЛБАКИЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
аға оқытушысы, философия докторы
(PhD).

Айжан КУШКАР,
Ардақ ЖАСЫБАЕВА,
Азиза АЛТЫНБЕК,
Ақниет ШАЙХЫСЛАМ,
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
кафедрасының
4-курс білім алушылары.
Алматы қаласы.

Махамбет – егемен елдің өшпес рухы

Мақсаты: жарқын талант, ержүрек батыр, ісімен де, сөзімен де кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырған жауынгер ақын Махамбеттің Отаны, туған елі үшін жасаған ерліктерін, бүгінгі тәуелсіз ел ұрпақтарына жан-жақты таныстырып, оларға терең мағлұмат беру, әр оқырманның патриоттық сезімін ояту.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті оқырмандар, жиналған қонақтар!

Томағалы сұңқар мен едім,
Толмағалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан, -

деп жырлаған, қазақ топырағында туған, жалындап жанып, жарқ етіп өшкен, қайғылы ғұмыр кешкен қайталанбас біртуар тұлғалардың бірі, ел бақыты жолында ерлікпен күрескен дулығалы батыр, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына бүгінгі кешімізді арнаймыз.

Жүргізуші:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім,
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім, -
деп армандаған қазақтың аяулы асыл

перзенті, азаттық жолында алмас қылышы мен алдаспан жырын қатар сермеген теңдессіз батыр, талантты ақын Махамбеттің 200 жылдығы 2003 жылы ЮНЕСКО шешімімен халықаралық деңгейде аталып өтіп, Елбасының қатысуымен Атырау елінде, Ақ Жайықтың бойында тойланған болатын.

Жүргізуші: Елінің еркіндігін көксеген бірегей тұлға, күйші Махамбет 1803 жылы Батыс Қазақстан болысы, Бөкей Орда ауданы, Нарын құмының Бекетай деген жерінде дүниеге келген. Махамбеттің әкесі — беріштің 19 биінің бірі болған, сөзге шешен әрі батыл адам екен. Төрт әйел алған Өтемістің Токтамыс, Бекмұхамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ысмайыл, Сүлеймен, Досмайыл атты он ұлы болыпты.

Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа қонғанда,
Жер қайысқан қол едік, -

деп ақынның өзі жырлағандай, Махамбеттің бауырларының көпшілігі кескілескен майданда немесе көтерілістен кейінгі қуғын-сүргінде қаза тапқан.

Жүргізуші: Тумысынан өжет мінезді Махамбет әуелде мұсылманша жазу-сызуды үйреніп, артынша орысша да сауат ашады. Шешендігімен, ақындығымен ел аузына ерте іліккен Махамбетті Жәңгір хан өз жанына тартуға тырысып бағады. Ақынды ордасына алдырып, тұңғышы Зұлқарнайынның тілін орысша сындыртуды тапсырады. Сөйтіп, бірте-бірте өзінің сөзін сөйлеп, сойылын соғатын сарай ақыны етуді көздейді. Бірақ Орданың айналасындағы әділетсіздікті, жауыздықты өз көзімен көрген Махамбет қарапайым халықтың басындағы ауыр халді ұғына бастайды. Ел намысының аяққа тапталғанына зығырданы қайнағандықтан да ханмен ат құйрығын кесісіп, оны-

мен ашық күреске шығады. От ауызды, орақ тілді сөз шебері ретінде ғана емес, өзінің батырлығы, даналығы мен адамгершілігі арқасында да ерекше даңқа бөленген Махамбет қоғамда болып жатқан келеңсіз құбылыстар мен келелі істерді өлеңдеріне арқау етеді.

Сіздердің назарларыңызға «Туған ұлдан не пайда?» өлеңімен...

Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген,
Туған ұлдан не пайда, -

Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса?!
Алаштың байлығынан не пайда,
Құланнан басқа ел таппай,
Манқиған сары даладан,
Екіндіде құлаған,
Тарығып келген ерлерге
Қайыры оның болмаса?!
Алтын тақты хандардың
Хандығынан не пайда,
Қарып пенен қасірге
Туралық ісі болмаса?!
Жүргізуші: Махамбеттің батырлығы көзінің тірісінде-ақ аңызға айналыпты. Соған қанық Исатай бірде:

- Жұрт осы сені батыр — батыр дейді. Кәні, батыр болсаң, мені қорқытшы, - депті.

- Қой, ағасы, сізді қорқыту қайда біз сияқты жаман ініңізге? - деп, әдеп сақтаған Махамбет әуелде оның сөзіне көнбейді. Исатай да айтқанынан қайтпайды. Ақыр болмағасын:

- Жарайды, ендеше, - дейді Махамбет. — Мен қазір мына төбенің ар жағына кетейін. Сосын соның басынан бері қарай шауып түсемін. Мен атойлап келе жатқанда кім осы орнында тапжылмай тұрып қалса — сол менен қорықпағаны.

Соны айтады да, Махамбет төбені айналып өтіп, көзден ғайып болады. Сәл-

ден кейін төбенің басында аппақ ала шаң бұрқ етеді де, Махамбет «Ағатай! Ағатай!» деп ұрандап, төбеден төмен қарай құлдилап, бұларға дүрсе қоя береді. Сонда шаңның ішінде қырық найза самсап келе жатыр екен дейді. Исатайдың қасындағы сарбаздарының бәрінің аттары осқырып-пысқырып, кейін шегіншектейді. Тек астында Жолдыкүрен деген аты бар Исатай ғана тапжылмай тұрып қалады. Көміп кеткен шаңның астынан жұрт «Ассалаумағалейкүм, ағасы!» - деп атынан түсіп, Исатайдың алдына бір тізерлеп отыра кеткен Махамбетті көреді.

Жүргізуші: Патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырушы хан-сұлтандарға қарсы кекті жырлар шығарып, халықты күреске үндеген Махамбет отаршыл жүйенің зорлық-зомбылығымен талай рет түрмеге де түседі. 1836 жылы ұлт-азаттық көтеріліске шыққанда осынау тегеурінді дүмпудің дем берушісі де Махамбет болды. Ол Исатай батырмен иықтаса шайқасып, ерен ерлік көрсетті.

Аруақтарын шақырып,
Арыстандай атылып.
Жауларын қуған ақырып,
Өмірі өткен желдің өтінде.
Исатай мен Махамбет, -

деп, қазақтың аяулы қызы Фариза Оңғарсынова жырлағандай, Махамбет Өтемісұлын батыр Исатай Тайманұлынан бөліп атау қиын. Елдік мүдде жолында өмірлерін берген екі арыстың аттары халық тарихында мәңгілікке қатар таңбаланды, Атырау төрінде де

екеуі ескерткіш болып қатар тұр.

Жүргізуші: Көтеріліс жеңіліске ұшырап, Исатай қаза болған соң, Махамбет шағын тобымен Жем, Жайық, Маңғыстау, Хиуа елдерін сағалайды. Қайтадан қол жимақ болады. Махамбеттің елді күреске жұмылдырғысы келген әрекеті сәтсіз болады. Бөкей ордасына жасы-

рын келіп, шаруалар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуіне байланысты қайта тұтқындалып, Орынборға жөнелтіледі. Тұтқыннан босанғаннан кейінгі өмірін Кіші жүздің батыс бөлігіндегі ел ішінде өткізеді. Бірақ Жәңгір хан өлген соң аға сұлтан болған Баймағамбет Айшуақов халықтың бүлік шығаруына ықпал етуінен секем алып, ақынның сыртынан бақылау қояды және патшаға адал қызмет етуге берілгендігін дәлелдеу үшін Махамбетті өлтірудің жоспарын жасайды. Осы ойын іске асыру мақсатында Баймағамбет сұлтан Махамбетті тірідей қолға түсіріп әкелген адамға ескі патша ақшасымен 1000, ал басын кесіп әкелген адамға 500 сот төлейтінін жария етеді. Арнайы жасақталған топтың жеңдеттері ондай опасыздыққа шімірікпей барады.

Жүргізуші: Зерттеуші ғалым Исатай Кенжәлиев «Махамбет Өтемісұлы» кітабында қанды оқиғадан кейін жеңдеттер Махамбеттің үйін тонап, ақынның әйелі мен інісі Хасенді де Баймағамбетке алып барғанын жазады. Тұтқындалған адамдарды Баймағамбет бір айдай ұстап, әбден қорқытып жауап алады да, сосын барып қоя береді. Ақ патшаға адал қызмет еткені үшін сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа генерал-майор атағы беріледі. Бірақ Махамбеттің кегін қуған жақын достарының бірі Санкт-Петербургтен марапатталып келе жатқан сәтінде сұлтанды суға батырып өлтіреді.

Жүргізуші: Махамбет Өтемісұлы — XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқан аса талантты тұлға. Ол ұлы даланың өр мінезді перзенті, батырлық пен ақындықты, қайсар рух пен зорлыққа қарсы үн көтеріп, азаттық, бостандық, теңдік туын желбіретті, әділетсіздікке қарсы өліспей беріспеу идеясының на-

ғыз жаршысы ретінде бағаланды.

«Күн қайда?» өлеңі оқылады.

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз орда,
Еңкеймей кірер күн қайда?
Қара бұланның терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдерінен бау тағып,
Сауыт киер күн қайда?
Күмбір-күмбір кісінетіп
Күренді мінер күн қайда?
Толғамалы ақ мылтық
Толғап ұстар күн қайда?
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда?
Садақ толған сай кез оқ,
Масағынан өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?
Кет Бұғадай билерден
Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атаның,
Ризалықпен жайласып,
Қолын алар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?

Жүргізуші: Азаттық үшін күресті өмірінің мәніне айналдырған Махамбет, негізі, ақын, батыр ғана емес, керемет жыршы, күйші, «Қырымның қырық батыры» сияқты дастандарды шаршамай-талмай жырлайтын тамаша әнші де болған. «Өкініш», «Қайран Нарын», «Жұмыр қылыш», «Терезе», т.б. күйлері күйтабаққа жазылды. Махамбет өлеңдері 1908, 1912, 1925 жылдары Қазан, Орынбор, Ташкент қалаларында жарық көрді. Шығармалары 1939-89 жж. арасында 8 рет жеке кітап болып шықты, оқулықтар мен жинақтарға енді.

Жүргізуші: Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев Махамбет күйлері жайында: Махамбет күйінің бір бояудан тұрмайтынын қапысыз тани алатын шығармалардың санатына «Жұмыр қылыш» пен «Қайран Нарынды» жатқызуға болады, - дей келіп, «Махамбеттің аты өлуші ме еді, сөзі өлуші ме еді, тегі өлуші ме еді. Ендеше, осындай сұңғыла азаматтың сезімінен сергек дірілін өз үні, өз тынысымен жеткізгісі келген жүрекжарды сырларының құймасы — күйлері неге ұмытылсын!», - деп түйіндейді.

«Адай» күйі орындалады.

Жүргізуші: 1836-38 жылдар И. Тайманов пен М. Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы, Махамбеттің әдеби мұрасы туралы мол мағлұмат беретін «**Дауылды жырлардың жыршысы — ер Махамбет**» атты кітап көрмесімен таныс болыңыздар.

Жүргізуші: Елдің еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, қазіргі тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірінде тұрған жалынды күрескер, от ауызды, орақ тілді Махамбет сынды халқымыздың қасиетті шежіресіндегі біртуар азаматтарымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін кастерлеу және сол арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу — бәрімізге ортақ парыз. Осымен бүгінгі біздің мерекелік шарамыз аяқталды. Уақыттарыңызды бөліп, мәдени шарамызға келгендеріңізге көп рахмет. Келесі кездескенше, сау болыңыздар!!!

Анар КШИМОВА,
Орал қалалық кітапханалар
жүйесінің кітапханашысы.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

1 маусым – балаларды қорғау күніне арналған ойын-сауық

Жүргізуші: 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күні, бақытты балалық шақ күні болып аталып кетеді. Барлығымыз үшін керемет сезім мерекесі, өйткені біздер үшін балалар — өміріміздің басты байлығы мен маңызы.

- Қымбатты балалар! Осы ғажап күнде, біз сендердің дендеріңнің саулығын, ар-ұжымды, ақылды, білімді, еңбекке қабілетті, сондай-ақ Отанды сүйіп, елімізді көркейтіп, ғаламшардағы барлық адамдармен дос болып, бейбіт өмір сүрулеріңді тілейміз. Осы қуанышты мерекелеріңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Балалардың бақшасында бүгін той,
Балаларды қорғау күні, біліп қой.

Алақай-ау, алақай,

Той тойлайық балақай.

Қыздырғанша алақан,

Қол соғайық балақай.

«Бақытты балалық шақ» әні орындалады.

1-бала:

Гүлмен келсін келер күн,

Бала — бағы бар елдің.

Балалардың күлкісі

Көркі, сәні әлемнің.

2-бала:

Ән көмейден құйылды,

Қайғы бұлты шегінде.

Балалармен дүние,

Көріңсін де көңілді.

3-бала:

Жүреді олар арман боп,

Тұрады олар маржан боп.

Балалары бақытты.

Аналарда арман жоқ

(Осы кезде әнмен Сайқымазақ кіріп келеді, қолында шары бар, көңілді)

Сайқымазақ: Сәлеметсіздерме! Балалар мені таныдыңдар ма?



(Балалар сайқымазақ деп айтады).

Жүргізуші: Сайқымазақ, өзіңмен бірге қандай ойын алып келдің?

Сайқымазақ: Мен сендермен бір ойын ойнап жіберейн.

«Эстафеталық ойын» (Кім шапшаң, кім жылдам?)

Жүргізуші: Балалар, достығы алаулаған кемпірқосақ сәулесіндей жер бетін жылытып тұр.

1-бала:

Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәріміз де баламыз,

Бір қалада тұрамыз,

Бір мектепке барамыз.

2-бала:

Ақ, қара деп бөлінбейміз,



Бір жылдың төліндейміз.
Туысқанбыз, татумыз,
Биіктерге өрлейміз.

3-бала:

Біз — балдырған тең басқан,
Дос құшағын кең ашқан.
Тілегіміз — бейбіт күн,
Ашық болсын кең аспан.

Ән әуенмен «Буратино» келеді.

Буратино: Сәлем, балақайлар! Мені таныдыңдар ма? Мен кімін? Балалар бүгін қандай мереке?

Балалар: 1 маусым — балалар күні

Буратино: Балалар, сендерді бүгінгі мерекемен құттықтаймын!

Би: «Буги-буги».

Жүргізуші: Буратино, саған кішкентай балапан тобының бүлдіршіндері өлең айтып береді

«Балапан» әні орындалады.

Жүргізуші: Кім қалай, дауыстайды?
Сиыр қалай мәңірейді? Мө-мө-мө
Қойлар қалай маңырайды? Мө-мө-мө

Бақа қалай бақылдайды? Бақ-бақ-бақ

Мысық қалай мияулайды? Мияу-мияу-мияу

Торғай қалай шикылдайды? Шик-шиқ-шиқ

Күшік қалай үреді? Ар-ар-ар

Қаздар қалай қарқылдайды? Қар-кар-кар



Тамаша, тамаша қол соғамыз тамаша

«Қошақан» әні орындалады.

Ән әуенімен (қонаққа әтеш келді, Кука-ре-ку)

«Шөжелерім» биі биленеді.

Осы кезде ән әуенімен Мыстан кемпір келеді.

Мыстан кемпір: Балалар, сәлеметсіңдер ме! Сендер қандай көңілдісіңдер! Мерекені тойлағыларың келеді

ме? Мен катал, зұлым емеспін, мен де мейірімді, ақылды болғым келеді. Сендерге ойындар алып келдім.

Ойын: «Тауып ал»

Жүргізуші: Жарайсың, Мыстан кемпір, бүгін, балаларға жақсы ойындар әкелген екенсің. Балалар, сендердің де мейірімді, ақылды екендерінді білдік. Әрқашан аспанымыз ашық болсын, бейбітшілік, ынтымақтастық болсын.

«Әрқашан күн сөнбесін!» әні хормен орындалады.

Жүргізуші: Балалар 1 маусым — балаларды қорғау күніне арналған ойын-сауығымыз аяқталды.

**Жаңагүл Сагидуллақызы
ШУМЕКЕЕВА,**

**№31 «Ақ сұңқар» балабақшасының
тәрбиешісі.
Астана қаласы.**

Ымырттағы кітапхана

№5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Ымырттағы кітапхана» әлеуметтік-мәдени шара аясында, 2 сәуір — Халықаралық балалар кітап күніне орай «Кітап қымбат қазына» атты эрудит турнирі өтті. Оқырмандардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын, оқуға ынтасын арттыру. Ізденімпаздық, ұйымдастырушылық қабілетін дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Шара екі бөлімге бөлінді. Алғашқы бөлімінде №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 4 «а», «б» сынып оқырмандары ертегі — фольклордың негізгі жанрларының бірінен, оқыған кітаптары «Жеті лақ» ертегісінің қойылымын сахналады.

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады: - Шырақтарым, ешкімге есік ашпаңдар. Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде «Шырақтарым — лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді», - деп әндетемін. Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Осылай шараға жиналған





көрермендерді кішкентай оқырмандар ешкі лақтарының және қасқыр киімін киіп, қойылымдарымен сүйсіндірді. Шараның екінші бөлімінде кітапханамызға серіктес №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 8 «б», №12 орта мектебінің 8 «ә» сынып оқушыларының қатысуымен екі топ өзара сайысты. Полиглот, Синквейн (өлең құрастыру), Капитандар сайысы, мақал-мәтелді жалғастыру сияқты ойындармен қызықтырып, сайысты жүргізуші кітапханашы Раушан Жумагулова викториналық сауалдар қойып, эрудит турнирге қатысушылар белсенділік танытып, қыза түсті.

Әділ қазылар алқасы №15 Ілияс Есенберлин атындағы қазақ орта мектебінің кітапхана меңгерушісі Жаксыбике Қалиева және №44 «Тұлпар балабақшасының» тәрбиешісі Әлмира Бақытжанқызы сайыскерлер-

ге №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 8 «б» сынып оқырмандары 1-орын, №12 орта мектебінің 8 «ә» сынып оқырмандарына 2-орын, - деп әділ бағаларын берді. №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің кітапханашысы Ақтолқын Садақбаева Арыстанқызы ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, сайыскерлерге сәттілік тіледі. Шара соңында «Кітап қымбат қазына» кітап көрмесін кітапханашы Ақмарал Сүлейменова шолу жасап таныстырды.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы
қалалық балалар кітапхана
меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Шәкәрім шыңы

Адамды танимыз десек, әуелі сол адамды тудырып отырған заманды танып алуымыз керек. Жарты ғасырдан астам үзілістен соң халық алдына қайта шыққан тұлғалардың бірі — Шәкәрімнің қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны ерекше. Шәкәрім — қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түскен кемеңгер ақын еді. Қытымыр, қилы заманда оққа ұшқан ақын есімі халық санасынан аластамақ болды. Бірақ, өзі өлсе де аты өшпейді. Осы ретте Абай атамыздың «Өлді деуге болама, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деген өлең жолдары ойымызға оралады. Биыл, ақын, философ, сазгер, аудармашы, Абайдың немере інісі әрі шәкірті Шәкәрім Құрайбердіұлының туғанына 165 жыл толып отыр.

Ол — заманның озық ойлы демократы, ірі ағартушысы, терең ойшылы, қоғам қайраткері. Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы, қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңдерін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен танытқан бірегей каламгер. Биылғы жылы ақын, философ, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай, Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапхананың ұйымдастыруымен «Ымырттағы кітапхана» калалық кітапханалар мәдени шарасы аясында, «Шәкәрім шыңы» атты оқырмандар арасында конференция өткізілді. Әдебиеттегі алып тұлға, ақынның өмірі мен шығармашылығын жан-жақты ашу үшін, «Шәкәрім шыңы» атты конференцияға кітапхана

оқырмандары қатысты. Мақсаты: Халқымыздың біртуар азаматы, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі және шығармашылық жолдарына тоқталып, жан-жақты ашу, жалпы оқырманның қызығушылығын таныту. Оқырмандар бойында зерттеушілік қабілет дамыту, ақын өлеңдерінің идеясын түсіндіру, рухани-адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңдерін нақышына келтіре оқуға баулу.

Тәрбиелік мәні: Шәкәрімнің



өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілік, ішкі рухани тазалыққа үйрету.



Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шәкәрімді айтамыз.

Конференция барысында №66 Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекбергенова Лаура Қазбекқызы, Сазды орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Кенжеғалиев Хайдар Казбекұлы және мектеп оқушылары, мектеп кітапханашылары қатысты. Шара барысында Жексенова Жанерке мен Жолмырза Асыл Шәкәрімнің шыққан тегі, шығармашылығы туралы кеңінен тоқталып өтті.

«Өлең сөзді шеберлеп, айтқаным мақұл болар деп» ақылы кемелденіп, ой-өрісі тереңдеп өсе бастаған Шә-

кәрім ғылым жолына ойысып, ақындық өнерінде жарыққа шығара бастаған тұстары, жалпы ақындығы туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекбергенова Лаура

Қазбекқызы толық айтып өтті. Сонымен қатар «Шәкәрім оқулары» жобасының қалалық кезеңінің жүлдегерлері Сазды орта мектебінің оқушылары Сагидуллаева А., Нұрсейтова Ш., Жақсылықова Г., Тыныштықова Д., Артығалин Н., Кәрібай Ж., Жахина Ә. «Жолама кулар маңайға», «Алпыстан асқан жасым бар», «Жасымнан жетік білдім», «Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей», «Күн-

нен неге түсіп тұр мұнша жарық...», «Қаламым — қарындасым — жан жолдасым!», «Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние?» тағы басқа көптеген өлеңдерін жатқа оқыды. Шара соңында «Шәкәрім — ұлы тұлға» атты кітап көрмесімен таныстырылып, кітапхана меңгерушісі Аманслу Искакова белсенді қатысқан оқырмандарға «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» директоры Гүлнар Нохымқызының атынан «Алғыс хатпен» марапаттады.

Айнұр Әбдіқызы
ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй алабындағы №10
модельді
кітапхананың кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.